1991 жылы 16 желтоқсан күні еліміздің тәуелсіздігін жария еткен Конституциялық заң қабылданды. Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады. Бұл күн қазақ тарихындағы ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалған күні болды.

Мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда еліміздің ішкі істер әскері құрылды. Осы жылы, яғни 1992 жылы

қаңтар айында Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше болды.

1992 жылғы 2 наурыздан бастап Қазақстан Республикасы әлемдегі ең беделді ұйымдардың бірі – Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі. БҰҰ-ның 46-сессиясының шешімімен ұйымның 168-ші мүше елі болып тіркелді. Қазақстан – бүгінде дүние жүзі мойындаған әлемдік қауымдастықтар мен ұйымдардың тең құқықты мүшесі.

Қазақстанның тәуелсіз республика болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның мемлекеттік рәміздерін қабылдауды талап етті. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы 4 маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Сол жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік Әнұранының мәтіні бекітілді (кейін, 2006 жылы 7 қаңтарда «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа толықтырулар мен өзгерістер енгізілгені белгілі).

1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды.

1993 жылдың 15 қарашасын Қазақстан тарихындағы ерекше күн деп айта аламыз. Себебі, ұлттығымызды айғақтайтын тағы бір белгі – ұлттық теңгеміз айналымға енгізілді. Бұл да ел экономикасының тәуелділіктен құтылғандығын көрсетті.

1993 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 5 қарашадағы № 1394 Жарлығымен «Болашақ» халықаралық бағдарламасы құрылып, жастарды шет елдерде оқыту басталды. Мемлекет тарихында алғаш рет талантты жастарға толықтай мемлекет есебінен шетелде білім алу мүмкіндігі берілді.

1994 жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады.

1995 жылғы 1 наурызда мемлекет басшысы жанындағы қоғамдық кеңесші орган – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде 820 этномәдени бірлестік табысты жұмыс істеуде.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымыз ел дамуының негізгі бағыттарын айқындап берді.

1997 жылы қазан айында Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған тұңғыш «Қазақстан-2030» атты стратегиялық жолдауы жарияланды. Бұл алғашқы Жолдауда болашаққа болжам, сол кездегі жағдайға талдау жасалып, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары анықталды.

1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми түрде жарияланды, ал 1998 жылдың 6 мамырынан бастап Елбасының Жарлығымен Ақмола қаласы Астана деп аталды. 1999 жылы Астананы бүкіл әлем таныды. Жас Қазақстанның жаңа елордасы сол жылдың шілде айында ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» атты марапатына ие болды. 2012 жылы 22 қарашада Парижде Халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының 152-сессиясында жасырын дауыс беру арқылы қатысушы-мүше 161 елдің 103-і «ЕХРО-2017» Халықаралық көрмесін Астанада өткізу шешімін шығарды. Дауыс берушілер Астананы таңдады, бұл Қазақстан үшін үлкен жеңіс!

Қазақстан 2010 жылы бүкіл мұсылман әлемі арасынан Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы сынды аса беделді ұйымға тұңғыш төраға болып сайланды. Қазақстанның басшылығымен 1-2 желтоқсанда Астанада Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы саммиті өте сәтті өтті.

2011 жылы Қазақстан құрамына 57 мемлекет мүшелікке енген, 1,5 млрд. халықтың басын біріктіретін Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етті.

Осы жиырма үш жыл ішінде еліміз еңселі мемлекет болып қалыптаса алды. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен иық теңестіретін, тіпті, кей тұстарда олардан озық тұратын дәрежеге жеттік. Осының барлығы Елбасымыз – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қажырлы еңбегінің жемісі екенін естен шығармауымыз керек. Елбасы Н. Назарбаевтың сан қилы мемлекеттік қызметі мен стратегиялық шешімдері, салиқалы саясаты – тәуелсіз еліміздің шежіресі.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2012 жылы жариялаған «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру. Бізде бұған қажеттінің бәрі – ресурстарымыз, білімді адамдар, ұйысқан ұлт, бәрі бар», – деді.

2014 жылғы 17 қаңтардағы «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ-2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» жолдауында: «Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», – дей келе, – «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. ...Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! – деп атап көрсетті.

Сондықтан Қазақстан халқы алдында тәуелсіздікті қорғау, татулықты сақтау, тұрақтылықты орнықтыру сияқты аса күрделі тарихи істер тұр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «2050 жылға қарай, біз Қазақстанның кез-келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы, өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс», – деді.

Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады. Бұл – тарих заңы. Сондықтан, қазақтың бірлігі – елдігіміздің кілті, ең басты мәселесі. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен, өзімізге, қазақтарға керек. Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес. Қазақ әлсіресе, алауыздықтан әлсіреген, күшейсе, бірліктен күшейген. Үйдің берекесі қабырғасының қиюымен емес, теңінің жиюымен, отбасындағы сыйластықпен, татулықпен кіреді. Мемлекет те солай. Қазақстанның елдігі асқан, ерлігі тасқан кемел де келісті елге айналуына бізден – қазақтардан артық мүдделі кім бар?!» – дей келе, алдыңғы толқын ағаларға, ортаңғы буын мен кейінгі толқын жастарға тәуелсіз елімізді «**Мәңгілік Ел**» ету мұратын міндеттеді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлытаудың баурайында журналистке берген сұхбатында тарихтың тереңінен сыр тартып, ұлтымыз бен жеріміздің тағдырынан сөз қозғап, дініміз бен тіліміздің көкейкесті мәселелерін тілге тиек етіп, ғибраты мол, танымдық маңызы зор ойларды баяндап, руханиятқа қозғау салды. Елбасы қазақтың өткен-кеткен тарихынан келелі ойлар қозғап, туған жер тарихын білуге, оны насихаттауға баса назар аударып: « Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз», – деп өте орынды айтты.

Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін, ең алдымен, жастардың бойында ұлттық рухты көтеріп, тарихи сананы қалыптастыру керек.

Туған елінің тағдырындағы өткен тарихты, бүгінгі тұрмыс-тіршілікті, ең бастысы, болашақты баянды етіп отырудың ең ізгі мақсаттарын назарда ұстайтын Елбасының биылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауының маңызы ерекше. Жаһандану ғасырының экономикалық, саяси жағдайлары мың құбылып тұрған мына заманда кең-байтақ далада, мамыражай заманда жүрміз деп асып-тасуға, жайбарақаттыққа салынуға тіпті болмайды. Қазақша айтқанда, етек-жеңімізді жинап, тиын-тебенімізді үнемдеп, нарық саласында да, саясат әлемінде де сауысқандай сақ болатын уақыт жетті.

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел экономикасын ғана емес, ұлт руханиятын да ешқашан ұмытқан емес, соның дәлелі Жолдауда да айқын көрінді. Жаңа Экономикалық саясатты бастап, елімізді әлемнің көшбасшы 30 елінің қатарына кіргізудің бағдарламаларын, жобаларын көрсетіп келе жатқан Ұлт Көшбасшысының: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол – «Қазақстан – 2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы» екенін баяндап, туған еліне ақжолтай аманат етіп көрсетті.

2015 жыл, Елбасы атап көрсеткендей, ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы болып белгіленді. Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы атап өтіледі. Мұның бәрі Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие болары сөзсіз.

Тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмір құшағында өмір сүріп келе жатқан жас ұрпаққа өткен тарихымыздың тағылымын жеткізіп отыру, насихаттау арқылы санаға сіңіру – кезек күттірмейтін ізгілікті шара. Тәуелсіздігімізге 23 жыл ғана деп түсінетін жас өренге біз де бір ғасырларда азаттықтың алдаспан қылышын қолға ұстап хандық құрғанымызды, тарих сахнасында «Алмас қылыштай» жарқылдап ғұмыр кешкенімізді айтып отыруды аманаттап отырған Елбасының мәңгілік идеясы халық санасын жаңғыртуда жаңа белес болады.

Жаңа Қазақстандық Патриотизмді қалыптастыруда, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуде атқарылып жатқан іс-шаралар көп. Елдің ертеңі –

ұрпақ қолында. Тәуелсіз еліміздің болашақта өркениетті мемлекеттердің алдыңғы қатарына шығып, тәуелсіздіктің көк байрағын биік ұстауы қазіргі мектеп партасында білім алып отырған жас ұрпақтың білімі мен ақыл-парасатына, іскерлігі мен жауапкершілігіне байланысты. 2050 жылдарға қарай Қазақстанды өзге мемлекеттерге үлгі болатын дәрежеге жеткізетін зерделі ұрпақ қазір мектепте отыр. Елбасының тапсырмасымен әрбір баланың алаңсыз оқуына, әлемдік деңгейде білім алуына жағдай жасалып отыр. 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында 929 мектеп болса, бүгінгі күні 1022 мектеп бар. Мұны еліміздің білім беру саласындағы қол жеткізген жетістіктерінің жемісі деп білеміз.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады» дейді халық даналығы. Сондықтан, ұстаздар қауымына артылып отырған жүк пен міндетті әрқайсымыз сезіне білуіміз керек.

77 жылдық тарихы бар, Елбасының қолдауымен қайта ашылған, ұстаздар ордасы – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының ұжымы да ел және Елбасы алдындағы жауапкершілікті түсініп, үміт үдесінен шығып, сенімді ақтауға тырысамыз.

Қорыта айтқанда, «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыру өз қолымызда. Ол үшін білім, ғылымның кілтін мықты болуымыз қажет.

Тәуелсіздігіміз баянды, ұлтымыз рухты, Қазақстан халқы ұлықты болсын, ел іші ырысқа толсын!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. – 2012 ж. 14 желтоқсан
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ-2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» жолдауы. –2014 жылғы 17 қаңтар
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты. – 2014 жылғы 25 тамыз
4. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы. – 2014 жылғы 11 қараша

ИСАБЕК Б.К. НЕЗАВИСИМОСТЬ И ПРЕЗИДЕНТ.

Автор на примере пути развития степного народа рассматривает вопросы независимости, освещая основные вехи истории казахского народа на пути к независимости. Также в труде раскрывается сущность понятия «Мәңгілік ел», важно для укрепления суверенитета Казахстана в XXI столетии.

Ключевые слова: независимость, президент, казахстанский патриотизм, послание, стратегическая программа, Мәңгілік ел.

ISSABEK B.K. INDEPENDENCE AND PRESIDENT

In the article is given the description to the concept of “independence”, analysed the historical way, also the important historical events of the Kazakh people in the achievement of the independence. The author considers essence and content of the idea of “*Mangilik Yel*” (*Eternal country*).

Keywords: independence, president, the Kazakh patriotism, message, strategic program, “*Mangilik Yel*” (*Eternal country*).

ӘОЖ 341.76(574)+(575.1)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

НАЛМИШОВА Қ., МУТАН А., ҚОРҒАНБАЕВА С.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары көрші Өзбекстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастары зерттеледі. Екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: Экономикалық ынтымақтастық, келісімшарт, достық, интеграция, бейбітшілік, аймақтық қауіпсіздік, өзара көмек, инвестиция, консорциум, шекара, бюджет.

Түркі тілдес елдер арасында Қазақстан мен Өзбекстанның дипломатиялық қарым-қатынастары 1992 жылдың 23 қарашасынан бастап бекітілді. ҚР елшілігі Өзбекстан Республикасында 1993 жылдың қарашасынан, ал Өзбекстан Республикасының елшілігі Қазақстанда 1993 жылдың шілдесінен бастап жұмыс атқара бастады. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынаста негізге алынатын принциптер Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек көрсету туралы шартында белгіленіп, құжатқа 1992 жылдың 24 маусымында қол қойылды. Шартта екі жақты экономикалық ынтымақтастықты дамытуға айрықша көңіл бөлінді. Осы мақсаттарда Тараптар сауда-саттықта бір-біріне анағұрлым қолайлы режим беруге, сондай-ақ барлық деңгейлерде өзара тиімді экономикалық және сауда қатынастарын дамытуды көтермелеуге, тікелей инвестицияларға арналған жағдайды жақсартуға, бірлескен кәсіпорындар құруға міндеттеді.

Елбасымыз Н.А.Назарбаевтың 1994 жылғы 10-12 қаңтар аралығындағы Ташкентке сапары барысында қол қойылған, Біртұтас экономикалық кеңістікті құру туралы шарт Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы жан-

жақты, әсіресе экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге жәрдемдесті. Осы келісімге сәйкес мыналар ұсынылады:

- капитал және жұмыс күшімен тауардың еркін айналымы үшін құқықтық қызмет көрсету, экономикалық және ұжымдық жағдай құру;
- көлік және коммуникация салаларында саясатты келісіп жүргізу;
- тиімді бәсекелестік үшін жағдайлар тудыру: монополияға қарсы тетіктерді реттеу;
- осы мемлекеттердің нарығында өзара сауданың еркін бағасын қолдану, тауар өтімділігін шектеудің біржақты әрекеттерін болдырмау[1].

Бұдан басқа осы шартта несиелік есеп айырысу, салық, бюджет, баға, кеден және валюта саясатын жүргізген кезде өзара іс-қимыл жасау туралы айтылады. Мемлекет басшылары осы құжатта БЭЖ, ТМД экономикалық одағын құру туралы шартты, сондай-ақ 1994-2000 жылдарға арналған экономикалық интеграцияны тереңдету жөніндегі екіжақты бағдарламаны іске асыру мақсатында құрылады деп пікір білдірді.

Қазақстан, Өзбекстан елдерінің интеграциясы аймақтық оқшаулануды белгілемейді, керісінше ТМД шеңберінде өтіп жатқан интеграциялық үдерістерде жолсерік және өткізгіш болып отыр.

Осы келісімді іске асыруда 1994 жылдың 8 шілдесінде Алматыда Президенттердің кездесуі болды, мұнда қатысушылар өмірлік маңызды мүдделерге жауап беретін көптеген негізгі құжаттар қабылдады. Сонымен қатар Орта Азиялық ынтымақтастықпен даму банкі құру туралы шешім қабылданды, осы қордың салықтары Өзбекстан – 918 мың доллар, Қазақстан – 833 мың доллар, Қырғызстан – 333 мың доллар. Қаржы және төлем қатынастары саласында ынтымақтасу үшін, сауда және басқа операцияларда мемлекетаралық есеп айырырудың санқырларын іске асырады. Төлем және ақша салудың мәселелерін шешеді, сондай-ақ бірлескен кәсіпорын құру, стратегиялық бағдарламаларға несие бөлу, жалпы аймақтық нысандарды қаржыландыру істеріне жәрдемдеседі. Банктың басқару органы болып «банк Кеңесі» табылады, құрамына әр жақтан бір-бір сенімді уәкіл кіреді. Банк орыны – Алматы.

1992 жылы екі ел арасында Достық, ынтымақтастық және өзара көмек, 1994 жылы Бірыңғай экономикалық кеңістік, 1998 жылы Мәңгілік достық туралы шартқа және экономикалық байланыстарды кеңейту туралы келісімге қол қойылды. Орта Азияны интеграциялау үдерісіне қатысты маңызды кездесу 1995 жылы 14 сәуірде Шымкентте өтті. Бұл кездесуде 1994 жылы 30 сәуірде Шолпан-Атада қабылданған біртұтас экономикалық аймақ құру туралы келісімді жүзеге асырудың негізгі үдерісі қаралды. Қатысқан мемлекеттер «интеграциялық процесс өз жемісін беру қажет» деді. 1995 жылы 15 желтоқсанында Жамбылда өткен, мемлекетаралық мәжілісте осы

мемлекеттің Қорғаныс Министрлері Кеңесінің қағидасы бекітілді. Осыған сәйкес Қорғаныс Министрлер Кеңесі мемлекетаралық жұмыс органы ретінде аймақтық қауіпсіздік, өзара әрекеттестік қорғанысы салаларында және әскери ынтымақтастықта барлық мәселелерді қарайды. Ең соңында ол жедел және әскери дайындықтың әуе күштеріне қарсы қорғанысты, қару-жарақ сондай-ақ т.б. бағыттардағы жұмыстарды үйлестіреді. Қазақстан, Өзбекстан ұлттық, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мына бағыттарға күш-жігерін жұмсайды және үйлестіреді:

- жеке қорғанысты, өзара әрекеттестікті және Азия елдерімен сенімшілдік шараларын нығайту;

- ғаламдық қауіпсіздік жүйесін құру жоспарында – БҰҰ-ның барлық мүшелерімен, алдымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің барлық мүшелерімен ынтымақтасу.

Қазақстан, Өзбекстанның ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығы олардың қауіпсіздігін, егемендігін және аумағының тұтастығын, экономикалық және әлеуметтік өрлеуін, құқықтық, демократиялық және саяси институттардың ілгерілеуін, адам құқығын сақтауды нығайтуға бейімдейді. Бұл қатынаста мемлекетаралық өзара қатынасты нығайту үйлесімді рөл атқарады, бұл, алдымен, посткеңестік мемлекеттер арасында Хельсинкиде қабылданған Қорытынды актіде баяндалған белгілі он қағидаға негізделген ЕҚЫҰ қағидалары мен нормаларын посткеңестік мемлекеттерге толық және жан-жақты енгізу Азия мемлекеттеріне, ең алдымен, көршілес Орталық Азияға мүдделі ықпал ететіні сөзсіз. Қазақстан, Өзбекстан әскери қызметкерлеріне НАТО-ға қатынасушы елдердің әртүрлі әскери-оқу орындарына есік ашылды. Аймақ елдерінің НАТО-мен ынтымақтасуының шарықтау сәті 1995 жылы тамызда Луизиана штатында өткен халықаралық тәжірибе- жаттығуы болды, онда АҚШ, Канада әскери бөлімдерімен қатар кейбір Орта Азия мемлекеттерінің бөлімшелері де қатысты. Орта Азия ынтымақтастығы ұлттық Қарулы Күштерінің аяғынан нық тұруына әзірге НАТО-ға қатынасушы үш мемлекет АҚШ, Германия, Түркия ғана көмек көрсетуде. Бұл мемлекеттер аймақ елдерімен дипломатиялық қатынас орнаған бірінші күннен бастап екіжақты әскери ынтымақтастықтың әртүрлі нұсқаларын және формаларын ұсынды, нәтижесінде олардың тарапынан шет тілдерін үйренуге, әскери білім және қазіргі заманғы қарулы күштердің қағидаларын оқып үйренуге ықпал етілуде [2].

1996 жылы 28 ақпанда қабылданған Алматы декларациясын қабылдау барысында аймақтың бес мемлекеті басшыларының кездесуі қорытындысында Өзбекстанның Орталық Азияда ядросыз аумақ құруы туралы бастамасын бәрі бір ауыздан қолдады.

1995 жылғы сәуірдегі Шымкент кездесуінде Қазақстан, Өзбекстан президенттері БҰҰ-ның бақылауымен бейбітшілік орнату операцияларына қатысу үшін әскери бірлестік құруға дайын екендіктері туралы мәлімдеді. Бұл Орталық Қазбат деп аталған.

Батальонның басты мақсаты Орталық Азияда, сондай-ақ жер шарының кезкелген нүктесінде қауіпсіздікті және тұрақтылықты нығайту болып анықталды. Сондай-ақ, Президенттер алғашқы қадам ретінде БҰҰ-ның резервті күштері жүйесіне бірігуге және БҰҰ-ның мамандарымен ақыл-кеңеске кірісуге дайын екендіктерін айтты.

1997 жылы 10 наурызда Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы арасындағы мәңгі достастық үшжақты шарты ынтымақтастықты дамытудағы тағы бір маңызды қадам болды. Бұл құжат Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық кеңістік шеңберінде әріптестіктің тиімді жақтарын тереңдету тәсілдерін табуға, тиімді экономикалық жағдай туындатып, оны дамытуға, шаруашылық субъектілері арасында тікелей байланыстар орнатуға зор ықпал етті. Қазақстан мен Өзбекстан арасында мұнай, газ, геологиялық барлау, агроөнеркәсіптік кешендер саласында жаңа консорциумдар күшейтуге кірісті. Олар бір уақыттан бері Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы – ЕҚЫҰ (ОБСЕ), Солтүстік Атлант ынтымақтастығының кеңесі – САЫК (НАТО), Еуропа жаңғыру және даму банкісі) және Азиялық (экономикалық ынтымақтасу ұйымы – ЭЫҰ (ОЭС), Ислам конференциясы одағы, Азиялық даму банкі, Исламдық даму банктердің) аймақтық халықаралық ұйымдары мен банктерінің мүшелері болып табылады.

Қазақстан мен Өзбекстан қарым-қатынастарындағы ілгерілеу деп Президент Н. Назарбаевтың 1998 жылғы 30-31 қазанда Өзбекстанға барған ресми сапарын айтуға болады, оның барысында екі жақты ынтымақтастық мәселелері нақты талқыланды. Аталған сапардың барысында бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды. Атап айтқанда,

- Мәңгілік достық туралы шарт, 1998-2007 жылдарға арналған Экономикалық ынтымақтастықтың бағдарламасы;
- Мұнай мен газ кен орындарын іздестіру, барлау және игеру саласындағы ынтымақтастық туралы;
- Өндірістік кооперация туралы;
- Астана әкімшілігі мен Ташкент хокимияты арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісімдер.

Бұл құжаттар туралы айтқанда, Орталық Азия аймағындағы халықаралық қатынастардағы ғана емес, әлемдік дипломатиялық практикадағы бірегей құжат – Мәңгілік достық туралы шартты бөліп айту

керек. Бұл шарт Қазақстанның Өзбекстанмен ұзақ мерзімді ынтымақтастығының құқықтық берік іргетасын қалады [3]. Екі елдің тауарларын әлемдік нарыққа шығаруға жол ашатын Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту және Еуропа – Кавказ – Азия көлік дәлізін, сондай-ақ трансазиялық теміржол және автомобиль арналарын пайдалану Өзбекстанмен ынтымақтастықта болашағы зор бағыттар болып табылады. Дегенмен, қазіргі уақытта интеграциялық үдерістер қиыншылықтарды бастан кешіруде. Біртұтас экономикалық кеңістік құру шартының алдына қойған мақсаттары әлі табысқа жетпеді. Шын мәнінде, осы жылдар ішінде аймақ елдерінде өзін-өзі басқару үдерісі байқалды. Су, энергетика, газ, көлік кешендері салаларында өзара әрекеттестікте проблемалар сақталып отыр. Өзбекстанмен тауар айналымы жылдан-жылға кеміп келеді, бұл экономикалық байланыстар қарқыны дәрежесінің айқын көрсеткіші болып отыр. Аймақта мәдени, ғылым және экономика салаларында байланыс кеміп барады. Шекарадан тауар өту жағы қиындап отыр [4]. Мысалы: Өзбекстан мен Қазақстан өзінің саясаттағы басымдығын даму жағына бағыттады, әлемнің дамыған елдері АҚШ, Ресеймен қайта қатынас орнатуға мәжбүр болды. Аймақ мемлекеттері арасында бірқатар шешілмеген мәселелер, ең алдымен, су ресурстарын және шекараны бөлісу сияқты мәселелер интеграциялаудың даму қарқына әсерін тигізбей қоймады. Алайда экономиканы басқаруға қатысты екі мемлекеттің көзқарастарындағы айырмашылық сияқты фактор екі жақты қарым-қатынастардың сипатына объективті түрде әсер етеді. Егер Қазақстан үзілді-кесілді ырықтандыру бағытына көшсе, Өзбекстан бұрынғысынша басқарудың орталықтандырылған тәсілдерін ұстанады. Бұл, әрине, экономикалық ынтымақтастық саласындағы туындайтын мәселелерді шешудегі көзқарастарға ғана әсер етіп қоймайды, сонымен бірге өзара сауда ауқымына ықпал етеді. 2000 жылы сауда көлемі 1999 жыл салыстырғанда 3 пайызға ұлғайды, ал 2005 салыстырғанда 8 пайызға ұлғайды. 2012 жылғы 29-30 қарашада Ташкент қаласында (Өзбекстан Республикасы) Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында екіжақты ынтымақтастық бойынша Бірлескен үкіметаралық комиссияның 12отырысы өтті. Комиссия отырысында тараптар екі елдің сауда-экономикалық қатынастарындағы ілгерілеуді атап өтті. Тауар айналымы 2011 жылы 24% өсіп, 1,9 млрд. АҚШ долларын құрады, ал 2012 жылғы 10 ай бойынша 1,7 млрд. АҚШ долларын құрап, 10,8%-ға ұлғайды.

Өзбекстан Республикасы Орта Азия бағытындағы Қазақстанның сыртқы саясатында маңызды орынға ие. Сондай-ақ, ол кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктегі ең белсенді және перспективалы экономикалық әріптесінің бірі болып табылады. Комиссияның отырысы кезінде тараптар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы 2007-2016 жылдарға

арналған Экономикалық ынтымақтастық стратегиясын дәйекті іске асыруды жалғастыруға келісті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ. К. Қазақстан Республикасының Дипломатиясы. – Астана, 2001. – 51-52 б.
2. Абдулпаттаев С. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. – А., 2005. – 204 б.
3. Хан Г.Б., Суворов А.С., Рахманов Г.Б. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. – А., 2003. – 512 б.
4. Бейсенбекұлы Д. Қазақстан мен Өзбекстан қатынастары // Алаш айнасы. – 19.11.2011ж.

НАЛМИШОВА К. МУТАН А. КОРГАНБАЕВА С. ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН.

В этой статье исследуются дипломатические отношения Республики Казахстан и соседней Республикой Узбекистан в годы после независимости. Рассматривается экономическое сотрудничество между двумя соседними странами, которые развиваются в дружеских направлениях.

Ключевые слова: экономическое сотрудничество, договор, дружба, интеграция, мир, региональная безопасность, взаимопомощь, инвестиция, консорциум, граница, бюджет.

NALMISHOVA K., MUTAN A., KORGANBAEVA S. DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN COUNTRIES OF KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN.

This article investigate years after Independence of Republic Kazakhstan diplomatic relations of the neighboring republic of Uzbekistan. The article discusses economic cooperation between the two neighboring countries.

Keywords: Economic, cooperation, friendly integration, word, regional security, contract, investment, border, budget, consortium.

УДК 061.5:631.115:004.02

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННО- КОНСУЛЬТАЦИОННОЙ СЛУЖБЫ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА

САРСЕНБИЕВА Н.Ф., КУРМАНБАЕВА Ж.И., КУДЕРОВ Н.Ш.

В статье рассматриваются вопросы тенденции развития информационно-консультационной службы агропромышленного комплекса. В Казахстане невозможно полностью копировать зарубежные модели информационно-консультационной службы. В силу специфических особенностей развития отечественного аграрного сектора, связанных со сложившейся в нем социально-экономической ситуацией, многоукладностью аграрной экономики, слабой господдержкой сельхозтоваропроизводителей. Она нуждается в поддержке исторически сформировавшимся менталитетом крестьян, выраженным в их склонности к коллективному труду.

Ключевые слова: сельское хозяйство, информационно-консультационные службы, агропромышленный комплекс, информационные технологии, агромаркетинг.

Россия является одной из первых стран, где зародилось сельскохозяйственное консультирование. Известные ученые в области информационно-консультационного обслуживания аграрного сектора В.М.Баутин и В.В.Лазовский считают, что наилучшим материалом по освещению истории развития информационно-консультационной службы в дореволюционной России является обзорно-аналитический доклад голландского ученого А.W.VanDenВаpa, представленный им в 1998 году на конференции по ИКС.

В 1765 году в России было организовано первое сельскохозяйственное общество, положившее «основание первому особому институту агрономов для подачи советов в разных губерниях». В 1797 году при Сенате была создана правительственная Экспедиция, а при ней «Практическая школа земледелия». Закончившие школу направлялись в отдаленные деревни, где им выделялась земля для устройства учебного хозяйства и обучения местных крестьян передовым навыкам земледелия.

В 1833 году был создан Комитет по усовершенствованию земледелия в России, а в 1834 году Министерство финансов приступило к созданию «института практических агрономов». Конечной целью деятельности агрономов представлялось развитие агрономического сознания в разных слоях населения и духа соревнования между земледельцами, для чего устраивались выставки и конкурсы с раздачей премий и наград. В 1886 году стали создаваться земства, первые российские общественные организации, к задачам которых, в частности, относилось и решение сельскохозяйственных проблем на местном уровне.

С 1906 года начала организовываться участковая агрономия, суть которой заключалась в оказании агроэкономической помощи населению. Участковый агроном был на службе у земства, т.е. представлял общественную агроэкономическую организацию, финансирование которой осуществлялось за счет членов. С 1908 года правительство начало оказывать

участковой агрономии постоянную поддержку, и к 1911 году в России насчитывалось более 3600 участковых агрономов. По функциям, задачам и зонам обслуживания дореволюционный участковый агроном соответствовал современному полевому консультанту, считающемуся основной фигурой в системе информационно-консультационной службы развитых стран.

В период проведения второй аграрной реформы появился новый тип представителя агрономической службы – хуторной агроном. В 1911 году в России работало уже более 1580 хуторных агрономов. Их главной задачей было оказание помощи единоличному крестьянину. Со временем им было разрешено оказывать помощь и членам общин. Хуторной агроном являлся правительственным чиновником и получал государственное содержание.

В 1913 году в российской системе сельскохозяйственного консультирования работали 9 тыс. служащих. A.W.VanDenBan отмечает, что в то время сельскохозяйственная консультационная служба была в России, может быть, лучшей в мире.

Первые теоретические разработки и дальнейшее развитие службы сельскохозяйственного консультирования, особенно в 1916-1924 годах, связаны с именем выдающегося русского ученого-агронома А.В.Чаянова. Он считал, что «никакой системе, никакому общественному размаху, хотя бы и располагающему всей мощью государственной организации, не под силу с большим успехом провести организационную реформу сельского хозяйства.

Следует использовать интерес частных товаропроизводителей, народнохозяйственные силы. Общественная агрономия (консультирование) должна сыграть в отношении сельскохозяйственных товаропроизводителей роль фермента, возбуждающего и направляющего их работу» [1]. Идеи А.В.Чаянова, являющегося основоположником научных подходов к сельскохозяйственному консультированию, широко используются во всем мире. К сожалению, в России развитие этого направления работ было прервано на многие годы. Только в 1993 году Министерство сельского хозяйства и продовольствия Российской Федерации начало заново восстанавливать информационно-консультационную службу.

Первые службы государственного консультирования появились в конце XIX начале XX столетия в Голландии и США. Несомненный интерес для создателей отечественной ИКС представляет американская модель. В США начало формирования службы распространения знаний по вопросам сельского хозяйства относится к 1862 г., когда был принят закон об организации науки, сельскохозяйственного образования и распространения знаний среди фермеров. В соответствии с законом функции были возложены на 74 сельскохозяйственных колледжа штатов, получивших от государства бесплатно землю для обеспечения этой задачи. На федеральном уровне

служба распространения знаний стала создаваться в 1914 году, когда был принят закон Смита-Левера о ее создании.

В настоящее время американская служба распространения знаний «экстеншн» организационно представляет государственную кооперативную службу распространения знаний, объединяющую федеральный уровень в составе Министерства сельского хозяйства США и объединенные системы служб штатов, включающие в себя службы «экстеншн» университетов и округов. Всего в службе «экстеншн» штатов задействовано 74 государственных университета, 130 колледжей сельского хозяйства, 27 колледжей ветеринарной медицины, 59 опытных станций, 63 школы лесоводства и 3150 офисов «экстеншн» в административных округах (графствах).

На федеральном уровне служба «экстеншн» функционирует в составе Министерства сельского хозяйства США в виде управления со штатной численностью около 200 сотрудников. Федеральная служба обеспечивает координацию деятельности всех партнеров системы службы «экстеншн» страны, охватывая широкий круг производственных и общественносоциальных проблем: сельскохозяйственное производство, развитие экономики сельской местности, развитие фермерской семьи, природные ресурсы и управление окружающей средой. На уровне штатов служба «экстеншн» представляет объединенную систему, включающую в себя службы «экстеншн» университетов и окружные службы.

В каждом графстве имеется своя служба «экстеншн» с численностью от 3 до 15 человек. Окружные службы подчинены службам штатов. Для специалистов служб округов регулярно проводится инструктаж в университете. Обязательное требование для специалистов – уровень подготовки не ниже магистра [2].

Обобщение зарубежного опыта информационно-консультационного обслуживания сельского хозяйства, наиболее полно представленного в отечественных и зарубежных публикациях [1,2], показывает, что службы сельскохозяйственного консультирования функционируют многие десятилетия и играют заметную роль в совершенствовании технологии, организации и управления производством фермеров.

В мировой практике существует ряд моделей организации служб консультирования товаропроизводителей: консультационные службы при министерствах сельского хозяйства и продовольствия (Великобритания, ФРГ, Нидерланды, Польша); университетская модель (наибольшее распространение получила в США); ИКС, созданные на базе ведущих аграрных колледжей (Шотландия, в некоторых землях ФРГ); ИКС, созданные на базе фермерских организаций (Финляндия); частные консультационные службы, функционирующие в настоящее время во многих аграрно развитых странах (Англия, Уэльс, Новая Зеландия и др.).

Несмотря разнообразие организационных форм, консультационные службы имеют сходства, которые выражаются в следующем:

– в большинстве стран службы создавались по решению государственных органов и длительное время содержались за счет бюджетных средств и только по мере завоевания авторитета и устойчивого развития сельского хозяйства постепенно переходили с полного государственного финансирования на частичное возмещение своих услуг за счет взимания платы с клиентов;

– консультационные службы формируются на национальном, региональном и местном уровнях при тесном их взаимодействии;

– к деятельности служб привлекаются работники научных и образовательных учреждений, средства массовой информации.

Таким образом, информационно-консультационная служба – это единая государственная многоуровневая система, активно взаимодействующая с наукой, образованием и агропромышленной сферой в целях доведения до хозяйствующих субъектов и органов управления информации для практического ее применения. Служба функционирует преимущественно за счет финансовой поддержки государства[3].

В Казахстане невозможно полностью копировать зарубежные модели ИКС в силу специфических особенностей развития отечественного аграрного сектора, связанных со сложившейся в нем социально-экономической ситуацией, многоукладностью аграрной экономики, слабой господдержкой сельхозтоваропроизводителей, исторически сформировавшимся менталитетом крестьян, выраженным в их склонности к коллективному труду.

В 2009 году на базе Юго-Западного научно-исследовательского института животноводства и растениеводства был создан Центр распространения знаний «Тассай» по обучению специалистов предприятий АПК теоретическим и практическим навыкам применения высокоэффективных современных технологий и оборудования, а также распространение среди предприятий АПК информации о передовых достижениях аграрной науки, новейших образцах аграрной техники и технологий.

При поддержке Министерства индустрии и новых технологий Акционерным Обществом «НАТР» с мая месяца 2013 года в ТОО «ЮЗНИИЖиР» функционирует офис коммерциализации технологий (ОКТ). Основным направлением деятельности ОКТ является коммерциализация научно-технических проектов института в области обеспечения новых возможностей по развитию животноводства и растениеводства путем создания и распространения племенного и семенного материала, а также перспективных технологий для Юго-Западного региона Казахстана.

Формирование региональной ИКС тесным образом связано с организационно-правовыми формами хозяйствования, обеспеченностью руководителями, специалистами и кадрами массовых профессий, уровнем их профессиональной подготовки.

ЛИТЕРАТУРА

1. Баутин В.М., Лазовский В.В. Информационно-консультационная служба агропромышленного комплекса России. – М.: Колос, 1996. – 442 с.
2. «Организация консультационной службы в АПК» /Учебное пособие/ Под редакцией В.М. Кошелева.– М., 2004., – 498 с.
3. Григорук В.В. О создании информационно-консультационной и внедренческой службы в агропродовольственной сфере // Проблемы агрорынка. – 2004. – № 3. – июль-сент. – С. 155-160.

**СӘРСЕНБИЕВА Н.Ф., ҚҰРМАНБАЕВА Ж.И., КҮДЕРОВ Н.Ш.
АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢЕС БЕРУ
ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ.**

Мақалада ақпараттық кеңес беру орталықтарының даму тенденциялары қарастырылады. Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығында ақпараттық кеңес беру орталықтарының жұмысын жүргізуде шетелдік модельдерді толығымен көшіру мүмкін емес. Өйткені ол қазіргі жағдайда қалыптасқан әлеуметтік экономикалық жағдайға, көпдеңгейлі аграрлық экономикаға ауылшаруашылық өндірушілеріне мемлекет тарапынан берілетін жеткіліксіз қолдауға байланысты. Сонымен қатар ұжымдық еңбекке бейім тарихи қалыптасқан шаруалар менталитетінің қолдауына да мұқтаж.

Кілт сөздер: ауылшаруашылығы, ақпараттық кеңес беру орталықтары, агроөндірістік кешен, ақпараттық технологиялар, агромаркетинг.

**SARSENBIEVA N.F., KURMANBAEVA ZH.I., KUDEROV N.SH. TRENDS
INFORMATION AND CONSULTANCY SERVICE OF AGRICULTURE.**

The article examines trends in the development of information and consulting service of agriculture. In Kazakhstan, it is impossible to completely copy foreign models of information and advisory services. It depends on the specific features of the development of the domestic agricultural sector associated with the current in it socio-economic situation, mixed agrarian economy, weak state support of agricultural producers. She also needs the support of historically formed the mentality of the peasants, as expressed in their propensity to collective labor.

Keywords: agriculture, information and advisory services, agriculture, information technology, agromarketing.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 801.81(574/575)

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ФОЛЬКЛОРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

АЛТЫНБЕКОВ Қ.С.

Мақалада ұлы ойшыл ақын Абай Құнанбаев шығармашылығының фольклормен байланысы қарастырылған. Бұл жұмыста Абайдың ақындық өнерінің қалыптасуындағы фольклордың әсеріне, алатын орнына көңіл бөлінген.

Кілт сөздер: жыршы, көркем фольклор, қара өлең, сюжет, көркемдік тәсіл, жыр, мақал-мәтел, жұмбақ, жоқтау, жұбату, жыр өлшемі.

Әдебиет тарихына назар аударсақ, халыққа кеңінен танымал болған көрнекті көркем сөз шеберлерінің қай-қайсысының болса да шығармашылығы фольклормен тығыз байланысты болып шығады. Бұлай болуы заңды да. Өйткені халықтың сан ғасырлық ой-талғамы, тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасқан таным-түсінігі, ой маржандары, қыры мен сыры сөз зергерлерінің өңдеуінен өткен сөз өнері – фольклоры – көркем сөз өнерін тыңдап, оқып, көңіліне түйіп өскен зейінді, зерек саналы жастың өмірінде өз ізін қалдырары анық.

Халық ауыз әдебиеті, фольклордан тәлім алып өскен көркем сөз шеберлері шығармашылық өнері толысқан тұста да одан қол үзбей, оның құнарлы мазмұны мен дәстүрлі әдіс-тәсілдерін, көркемдеуші құралдарын шығармашылықпен тиімді пайдаланып отырған. Бұл құбылыс, яғни фольклор мен көркем әдебиеттің өзара байланысы жазу мәдениеті пайда болған замандардан бастау алып, үзілмей сабақтасып отырған. Ұқсастықтарымен қатар елеулі айырмашылықтары бар фольклор мен әдебиеттің арақатынасын, өзара байланысын, мәні мен өзгешеліктерін айқындау мәселесі әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар мен фольклортанушылардың назарынан да тыс қалмай келеді.

Сандаған ғасырлар бойы түрлі сөз зергерлері – жырау, жыршы, би-шешен, сазгер, ақын, ертегіші, әңгімешілердің өңдеуінен өткен қазақтың көркем фольклоры мазмұн тереңдігімен қатар, жанры жағынан да аса бай екендігі белгілі. Халқымыздың тереңнен тамыр тартқан осы бай да мазмұнды фольклоры ауызша әдебиетпен сабақтасып, кейінгі дәуірлерде әлемдік әдебиетпен терезесі тең деңгейдегі жазба әдебиетіміздің дамуына да жол салды.

Әлем әдебиетінің даңқты сөз зергерлері сияқты арғысы түркі, берісі қазақ әдебиетін танымал еткен әр дәуірдегі көрнекті қаламгерлеріміз өздерінің шығармашылық еңбегінде фольклордан нәр алып, оны өзінше игеріп, фольклордың түрлі жанларын, сюжеттері мен көркемдік әдіс-тәсілдерін шығармаларында мүмкіншілігіне, таным-түсінік, шеберлігіне орай

тиісінше пайдаланып отырған. Бұл құбылысты біз ойшыл ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың шығармаларынан да айқын аңғарамыз.

Абайдың ұлттық әдебиетіміздің бас ақыны екенін айтып өткен алаш ардақтылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновтардың зерттеу еңбектерінде оның шығармаларының фольклормен байланысы кезінде біршама сөз болған болатын. Одан кейінгі кезеңдерде С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, А.Қыраубаева, М.Мырзахметов, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Мұхамедханов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Әлімқұлов т.б. ғалымдардың монографиялары мен әр кезеңдердегі мақалаларында халқымыздың дәстүрлі әдебиеті ақын шығармашылығының мөлдір бастауларының бірі болғандығы көрсетіліп келді. Әйтсе де бұл еңбектерде Абай шығармаларының фольклормен көпқырлы байланысын айқындаудан гөрі, оның қазақ поэзиясын дамытудағы орнына, оны қаншалықты биікке көтергеніне көбірек мән берілді.

Абайтану ғылымының негізін қалаған ғұлама ғалым М.Әуезов «Өр жылдар ойлары», «Абай Құнанбаев» монографиялары мен түрлі деңгейдегі осы саладағы мақалаларында ақынның фольклормен байланысына белгілі жағдайларға байланысты терең тоқталмай, бастау алған арналарының бірі ретінде ғана атап өткендігі белгілі.

Ғалым Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде де Абайдың фольклормен қарым-қатынасына біршама назар аударылды. Сол сияқты ғалым Р.Бердібай «Кәусар бұлақ» кітабына енген «Абай және ауыз әдебиеті» мақаласында, С.Қасқабасов «Абай және фольклор» атты еңбектерінде бұл соны тақырыпқа арнайы көңіл бөлінді. Аталып өткен бұл зерттеу еңбектерде Абайдың қазақтың бас ақыны дәрежесіне көтерілу жолында фольклордың ерекше ықпалы болғандығы біршама ашыла түскен деп айтуға болады. Әйтсе де бұл бағытта әлі де зерттей, айқындай түсетін мәселелер жоқ емес.

Абай шығармашылығының фольклормен байланысы жөнінде айтқанда мынадай мәселелерге назар аударып қарастыру керек деп ойлаймыз. Мысалы, атап көрсетсек:

- 1) Фольклордың болашақ ойшыл ақынның дүниетанымының, шығармашылығының қалыптасуындағы орны;
- 2) Ақынның қазақтың фольклорлық мұраларын игеруі, оны өңдеу мен жаңартуға назар аударуы;
- 3) Ақын шығармашылығындағы фольклорлық жанрлар қолданысы;
- 4) Шығармаларындағы халықтық мұраларға, фольклорға деген таным, көзқарастарының бейнеленуі;
- 5) Фольклорлық мұраларды қоғамдағы нақты істерде пайдалануы;

6) Абай шығармашылығының қазақтан басқа халықтардың фольклорымен байланысы, олардың сюжетін шығармашылығына арқау етуі;

7) Дәстүрлі фольклорлық көркемдік тәсілдер мен құралдардың шығармаларында қолдану ерекшелігі, т.б.

Біздің ойымызша, бұл айтылған мәселелердің арнайы қолға алынып, ыждаһатпен, тиянақты зерттелуі ұлы ойшыл ақын тұлғасының қалыптасуы мен кемеңгерлігінің сыры мен сипатының қырларын аша түскен болар еді.

Біріншіден, Абай дүниетанымының, ақындық өнерінің қалыптасуына фольклордың әсері қаншалықты болды деген мәселеге келер болсақ, бұған қатысты деректер біршама баршылық. Деректерге қарағанда, Абайдың фольклормен танысуы бала кезінен басталады. Ол қазақ ертегілері мен аңыздарын, өлеңдері мен жырларын, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын бала кезінен әжесі Зере мен анасы Ұлжаннан естіп бойына сіңіреді.

Халықтық поэзияның үлгілерін ақын, жырау, жыршылардың өлең-жырларынан, ел ішіндегі сан түрлі халықтық әңгімелерді, ертегілерді әңгімеші, ертегішілерден, ауылына келген қонақтар мен жолаушылардан тыңдап, шешендік сөз үлгілерін әкесі Құнанбай мен басқа да рубасылардың ел ісіне қатысты әртүрлі мәселелерді шешудегі, дауға қатысты билік сөздерін естіп, бойына сіңіріп есейді. Осылардың негізінде халық ауыз әдебиетінен халық тілінің неше түрлі астарлы айшықты мағыналарын, сыры мен сиқырын ұғынады. Ақын-жыршылардың, шешендердің, түрлі кәсіп иелерінің сөз қолданыс үлгілерін, нақылдар мен тосын тапқырлықты, айтыс өлеңдерінен турашылдыққа әрі алғырлыққа баулитын дәстүрді тыңдап өседі.

Абайдың сөз шебері ретінде қалыптасуына нағашылары Шаншарлардың да әсері болғаны анық. Нағашыларының әзілге бейім, айтқыштығы жөнінде деректер баршылық. Мысалы, Ұлжанның ағасы қайтыс болғалы жатқанда: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан ұят болды. Енді өлмесек болмас» деген екен. Осы аталған жайттар «Абайдың ақындық қасиетінің қалыптасуында өзіндік ізін қалдырған алғашқы өнер мектебі болды» деп айтуға толық негіз бар.

Осындай кең арналы фольклорлық орта дәстүрі аясында өскен Абайдың әзіл сөзге ұсталығы, суырып салып табанда тапқырлық көрсету қасиеті жас кезінен-ақ қалыптасқандығы оның он жасынан бастап әзіл-оспақ түріндегі шығарған өлеңдерінен байқалған екен.

Жалпы, Абайдың шығармашылығын зерттеген ғалымдар «оның жастау кезінде ауызша табан астынан шығарған алуан түрлі тапқыр, төкпе өлеңдері сақталмаған» деген пікір айтады. Бұл жөнінде Абайтану ғылымының негізін салған, шығармашылығын жан-жақты зерттеуге, танытуға ғұмырын арнаған ғалым, кемеңгер жазушы М.Әуезов: «Жасынан біткен әдет бойынша Абай біреудің оғаш мінезін көргенде ылғи қалжың, әжуа, мысқыл өлең айтқыш

болатын. Осындай өлеңдерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, туған-туысқандарын мысқыл етіп, солардың мін-мінезін күлкі ғып, әйгілеп айтады. Кейде қалжың қып жазып, өз қолдарына да береді. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мініне айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Сонан соң кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып-жалпайып жүріп сұрап алып, көзінше жыртып тастайтын болған. Мысалы, Көкбайға, қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, дос-жар, таныстарын қатты сынап айтқандықтан, інілері мен балалары «ана адамдар өкпелер» деп жасырып, жоғалтып та жіберетін болған», – деп Абайдың жас шағындағы ақындық өнерінің ерекшелігі, ол шақтағы өлеңдерінің толық сақталмау себептері жөнінде деректер береді [3.62].

Абай шығармашылығын тиянақты зерттеген ұлы қаламгер М.Әуезовтің бұл келтірген дерек сөзіне шүбә келтірмейміз. Ғалым келтірген бұл деректер ақынның жас кезіндегі көптеген өлеңдерінің сақталмау себебінің сырын аша түседі. Сонымен қатар ақынның жасырақ кезінде шығарған өлеңдерінің сақталмай, жетпеу сырының бір себебі өлеңдерінің көбі өз атынан емес, Көкбайдың атынан жарияланып отырғанына да байланысты болса керек.

Абай шығармашылығында үлкен орын алатын арнау, сын-сықақ, келемеждеу, жоқтау, жұбату үлгісінде жазылған туындыларының бастау негізі – фольклорда.

Абайдың жас кезінде ақындық, шешендік өнерінің фольклорға қатысына дәлел болатын белгілерге тоқталып көрейік. Жалпы алғанда, Абайдың фольклордан, оның ішінде өмірдің сан түрлі құбылыстарын кең қамтитын қазақтың қара өлеңнің қайнарынан сусындағанын оның арнаулары мен философиялық ой түйген өлеңдерінен айқын аңғарамыз. Ұлы ақын өз шығармашылығында осы үлгіні тиімді пайдаланып отырған.

Халық аузында сақталып бізге жеткен алғашқы санаулы өлеңдерінің өзінен-ақ халықтық поэзияның дәстүрлі жанрларының қолданысын көреміз. «Он жасында шығарылған» деп беріліп жүрген мына өлең жолдарынан бала ақынның сыншылдық қыры едәуір көрініс тапқан:

*Кім екен деп келіп ем түйе қуған,
Қатын зой күлдәрімен белін бұған.
Төркініңнің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды... бірге туған [1.34].*

Бұл өлеңде дәстүрлі арнау өлең үлгісінің қара өлең түрі қолданылған.

Ақынның арнау өлеңдерін халық ауыз әдебиетіндегі қара өлең түрімен салыстыра қарасақ, олардың өзара ұқсастығын өлең құрылысымен қатар ұйқас, бунақтардағы сөз қолданыстарынан да айқын аңғарамыз. Мысалы,

ақынның «Қара қатын дегенде, қара қатын» деп басталатын бір шумақтан тұратын өлеңінде халық ауыз әдебиетіндегі қара өлеңге тән болып келетін бастапқы тармақ қолданысы, сонымен қатар қара өлеңге тән ұйқас та толық сақталған.

Салыстыру жасап көрейік.

Абай өлеңінде:

*Қара қатын дегенде, қара қатын,
Үзіп-жұлқып алып жүр қанағатын.
Ала жаздай байың кеп бір жатпайды,
Құдайдың не қыласың шарағатын [1.103].*

Дәстүрлі фольклорлық қара өлеңдерде:

*Дегенде қара инелік, қара инелік,
Ұшады қара инелік зар иленіп.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалады өлгеннен соң бар дүниелік [5.177].*

*Құлақмет, ендеше, Құлақмет
Құлын сойса болады бір асым ет.
Өлеңді жақсы да айттық, жаман да айттық
Текті атаның баласы, рахмет [5.50].*

*Ендеше өлең керім, өлең керім,
Өлеңді қозы, лақтай көгендедім.
Өлеңді айтпайын деп ойлап едім,
Тұсыма келіп қапты кемеңгерім [5.43].*

*Жыңғыл-қайың дегенде жыңғыл-қайың-ай,
Ауылыңда қыз бар ма бізге лайық-ай?
Ауылыңда қыз болса бізге лайық-ай,
Екі ауылдың арасын жол қылайық-ай, жеңеше-ай.*

Мысал ретінде келтірілген Абай өлеңінің бірінші тармағының бірінші, үшінші бунақтарының қайталануы мен екінші бунағындағы «дегенде» сөзінің қолданысы – қара өлеңге тән басты белгілердің бірі. Ал жоғарыда келтірілген қара өлең үлгілерінің бірінші тармақтарындағы «дегенде», «ендеше» сөздерінің бірінің орнына бірінің қолданылуы да дәстүрлі, қалыпты қолданыс. Сонымен қатар бұл сөздердің бунақтағы орнының ауысып отыруы да өлеңнің мазмұнына соншалықты нұқсан келтірмейтін дәстүрлі құбылыс болып саналады. Дәстүрлі қара өлең үлгілерінен осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Абайдың «Шәріпке», «Көжекбайға», «Қыздарға» сияқты арнау өлеңдері – осы қара өлең түрінде туған шығармалар. Ақынның фольклордан бастау алатын арнау жанрындағы шығармалары тек қара өлең түрінде ғана емес, 7-8 буында дәстүрлі жыр үлгісінде де жасалған. Бұл жанрдағы дәстүрлі жыр өлшемімен жазылған өлеңдеріне «Абыралыға», «Назарға», «Көкбайға», «Күлембайға» сияқты туындыларын мысал ретінде келтіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2003.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959.
4. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988.
5. Қара өлең. – Алматы: Жазушы, 1989.
6. Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

АЛТЫНБЕКОВ К.С. РОЛЬ ФОЛЬКЛОРА В ФОРМИРОВАНИИ ПОЭТИЧЕСКОГО ИСКУССТВА АБАЯ

В этой статье рассматривается связь творчества известного поэта, мыслителя А.Кунанбаева с фольклором. В работе выделяется такой аспект, как влияние фольклора на формирование А.Кунанбаева как поэта, писателя.

Ключевые слова: художественный фольклор, қара өлең, сюжет, художественный метод, пословицы, загадки, оплакивание.

ALTYNBEKOV K.S. THE PLACE OF FOLKLORE IN FORMATION OF ABAYS POETIC MASTERSHIP

The article is considered relation ship between creativity know poet, thinker A.Kunanbayev with folklore. In work stands out the aspect of the influence on the formation of folklore as a writer A.Kunanbayev.

ӘОЖ 372. 8:811.111

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ БАЛАЛАРДЫҢ

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ОЙЫНДАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

БЕЙСЕНБАЕВА А.А.

Мақалада мектепке дейінгі мекемелерде кішкентай бүлдірішіндерге ағылшын тілін үйретуде мұғалімдердің ойын элементтерін пайдаланудағы тиімді әдістемелері қарастырылған

Кілт сөздер: *ойын, рөлдік ойындар, грамматикалық ойындар, алфавит, орфография, лексика, сөйлеу дағдысы.*

Елбасы Жолдауында кез келген орта санатты балалардың ең жоғарғы деңгейдегі шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз керектігі туралы айтылған. Жалпы білім беретін мекемелерде қазіргі таңда шет тілін меңгертуге ерекше мән беріліп отыр. Қазақстан Республикасындағы ең бірінші кезекте тұрған тіл саясаты туралы басты мәселе – мемлекеттік тілді еркін меңгерту болса, шет тілін меңгертудегі басты мақсат – білім алушылардың сапасын халықаралық стандартқа сай көтеру.

Білім беру мазмұнының негізгі мақсаты қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, білімді, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, оның болашақ кәсіби бағдарын айқындауына игі ықпал ету болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі жағдайында шетел тілдерін оқытудың рөлі артады. Әрине, ағылшын тілін оқыту әдістемесінің бірі – ойын элементтері мен іс-әрекеттер арқылы оқыту. Ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруында болып табылады. Оқудың алғашқы кезінде оқушының тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлері дұрыс өткізілген сабақта оқушылардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады. Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, іздену дағдысын қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Ойын – тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімдеудің белгісі, дене шынықтыру мен сергітудің құралы. Қазақ халқы «ойын баласы» деп баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері өте көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсаттары болады. Сабақ барысында оқушылардың сабаққа ынтасын арттыру үшін ойын – жаттығуларын пайдаланамыз.

Грамматикалық ойын-жаттығулар оқушылар арасында белсенді жарыс түрінде өткізіледі. Ойында мұғалім ойнаушыларды басқарушы (төреші)

қызметін атқарады. Жаттығуларды орындау барысында әрбір оқушы немесе топтың алдында өз білімдерін, іскерлігі мен дарындылығын көрсету міндеті қойылады.

Ойын жаттығулар мағынасыз ермекке айналмайтын әдеттегі жаттығулар тәрізді болу керек. Демек, оған өзгеше түрде берілетін оқу жаттығулары алынады. Оқушылар көбінесе қиындау, бірақ грамматика жөніндегі білімдерін бекітуге, тілдерін жетілдіруге орфографиядан берілген дағдылар қалыптастыруға қажетті тапсырмалар алады.

Грамматикалық ойынға арналған жаттығулардың өз ерекшелігі болады. Әдетте оған оқушылардың белсенділігін арттыратын, жарыстың нәтижесін айқын көрсететін жаттығулар таңдап алынады. Ойын жаттығуларының ерекшеліктері оларды оқушылар зор белсенділік жағдайында бар ынтасымен орындайтын болуы тиіс. Жұмысты орындау барысында ойынға қызыққан оқушылар берілген тапсырмаларды бар ынтасымен орындайды.

Демек, ойын жаттығулары шет тілін меңгерту жөніндегі қиын тапсырманы қызықты да тартымды етеді. Ондай жаттығулар сабақта әртүрлі сипатта қолданылуы мүмкін:

Ең алдымен, жаңа материалды түсіндіру кезінде пайдалануға болады. Сабақтың соңында оқушылардың сабаққа қабілеттілігі төмендеп, зейіні қалжырай бастаған кезде олардың назарын, ақыл-ойын жұмысқа жұмылдыруға пәрменді әдіс-тәсіл қажет болған шақта пайдаланған орынды, оның үстіне ойын оқушылардан белгілі дәрежеде өзінше жұмыс істей білуді қажет етеді. Сондықтан ондай ойын өзінен бұрын орындалған жаттығудан кейін дайындалуы тиіс. Оған жеткілікті уақыт бөлу керек.

Ойын жаттығулары үшін үйреніп жатқан материалды жатқа білу сабақта, сол сияқты үлкен тақырыпты қамтитын, талдай қорытындылайтын қайталау сабақтарында зор мүмкіншілік тудырады. Ойынға деген жаттығуларды жарыс рухын көтеріп, оқушыларды тапсырманы түсінбей орындай салмайтындай етіп құру керек. Ол үшін жаттығуларда жеңіл грамматикалық операция мен оның ауыр түрлері кезектесіп отыру керек. Сонымен бірге оқушылардың үйреніп отырған ереже бойынша жіберетін типтік қателері де ескерілуі керек.

Мұғалім дайындалған сабақтың мақсатына сәйкес жаттығуды дұрыс таңдап алып қана қоймай, сол сабаққа лайықты ойын түрін де дұрыс таңдап алуы тиіс. Бір жаттығудың өзі әртүрлі ойын түрінде орындалуы да мүмкін, оны таңдап алу мұғалімге, оның өз алдына қойған мақсатына, оның орфографиялық немесе пунктуациялық қырағылығын дамытса, енді біреулері оқушылардың сөздік қорын байытады.

Мұғалім сабаққа әзірленгенде, жаттығулар түрінің санын, оларға берілетін уақытын айқындауы керек. Көптеген әдіс, тәсілдерге елігіп, ойынды

өткізуге керекті уақытты шектеуге болмайды. Бұдан ойынға үнемі 10-12 мин беріп отыру керек деген сөз тумаса керек. 5 минуттық ойындар өткізуге де болады. Ойынға мұғаліммен бірге оқушылар да дайындалуы керек. Кейбір ойындарға күні бұрын дайындалмайынша, ойдағыдай өтпейді. Әрине, оған қалай дайындалу жағын мұғалім күні бұрын үйрету керек.

Білім мен дағдыны дамыту жолындағы жарыс жеке оқушы немесе топтар аралығында өткізіледі. Оқушылар топтары арасындағы жарыстың өте маңызды артықшылығы бар. Мұнда әрбір оқушының жұмысын бақылауға алып, ойынға қатысушылар топтарынан мақұлданып немесе сыналып отырады, оны өткізу тәртібі туралы ашық та айқын түсіндіре білу керек. Осы сияқты тапсырманы мысалмен түсіндіру міндет. Ойын кезінде тәртіп бұзу оның нәтижесін нашарлатып, тәртіп бұзған топқа ешқандай жеңілдік берілмейтінін ойыншылар білу шарт.

Ойын жаттығуларын ауызша және жазбаша өткізуге болады. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, тиісті ойын түрлерінің тиімділігі грамматикалық материалдың мазмұнына, мұғалімнің қарауындағы уақытқа байланысты. Ойынның ауызша түрі уақыт жағынан ұтымды болатыны белгілі. Әдетте, ол оқушылардың жазбаша жұмысының алдында өткізіліп, олардың орфографиялық және пунктуациялық дағдыларының қалыптасуына, қателерден сақтандыруға септігін тигізеді. Ауызша жаттығуларды сабақта жазбаша жаттығулар көп орындалып, оған оқушылардың ықпалы нашарлаған жағдайда өткізген дұрыс. Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Мұғалімнің қарауында көптеген грамматикалық ойындар болуы қажет. Оқушыларды ойнай отырып ойландыру, іздендіру, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру – болашақта еңбексүйгіш білімпаз, жан-жақты дамыған, алғыр азаматты тәрбиелеуге ықпал ететін тиімді жолдың бірі.

Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсатта қолдану тиімді:

1. Алфавитті дұрыс меңгерту
2. Орфографияны дұрыс оқыту
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру
4. Лексиканы меңгерту
5. Оқушылардың ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру.

Шет тілін оқытатын әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығудың бір түрі ретінде ойындарды қолданып, сабақты қызықты өтуге, балалардың тілге деген қызығушылығын арттыруға білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдаланса болады. Таңдап алынған ойындар балалардың сөз байлығына,

сөздік қорына сай болу керек. Мұғалім кез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Мұғалім ойынға қойылатын әдістемелік талаптарды орындауы тиіс.

1. Ойынның өтілетін сабақтардың мазмұны мен тақырыбына сай болуы.

2. Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу.

3. Ойынның ойналу түрі – топ болып ойнау.

4. Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы.

5. Қолданылған сөздер, сөз тіркестері, өлең таңдау

6. Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Мұғалім алдымен баланың оқуға қызығушылығын ояту қажет. Баланың қызығу жәрдемімен оқып-үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді пайдаланылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын балалардың ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Сабақ үстінде жана сөздерді қайталауда, өтілген жана сабақты еске түсіруде қолдануға тиімді.

Сынып ішінде мынадай ойындарды ойнауға болады:

What's in the bag?

Around the world

Board Race

Order Race

Question race

Bingo

Go fish

Бұл ойындар балалардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі. Ойындар балалардың танымын, ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру және тиянақтау, пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып,

белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Ойын ұғымына түсінік берсек, бұл баланың мінез-құлқын өзі басқарумен қатар топпен жұмыс жүргізе білу әрекеті, ол баланың бір-біріне көмектесу, тез ойлау қабілетін, алға ұмтылу ісін дамытады. Сондықтан бағдарлама бойынша бекітілген оқыту үдерісінде ойын түрлерін сабақ үстінде үнемі пайдаланып отыру керек.

Ағылшын тілі пәнінде көбіне *рөлдік ойындар*, *грамматикалық ойындар*, *танымдық ойындар* қолданылады. Ойын – оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Іс-әрекетті кесте түрінде қарастырсақ, белсенділігі мен білім сапасын көрсетеді. Білім алу мен баланың дене қозғалысы артады, біліктілік қозғалысы жақсарады. Топпен жұмыс істеуге дағдысы баланы еңбек етуге дағдыланады. Танымдық әрекеттерді қалыптастырады, талпындырады. Ұйымшылдық қабілетін жетілдіреді. Ойлау қабілеті артады, дамиды.

Matching

Categories

Fill in the blanks

Dialogues

Drawing

Singing

осы іс-әрекеттің түрлерін сабақ үстінде қолданса, өте тиімді нәтиже береді.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатындығын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезімі түрлерін дамытады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде сабақта пайдаланылатын *танымдық ойындар*, *сөздік ойындар* баланы жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес келсе, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығы артады.

Ойынды сабақтың әр кезеңдерінде, тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады.

1. What's in the bag? Сөмкеде не бар ойыны.

Мұғалім алдымен балаларға бір сөмке алып келеді. Балалардан сұрайды. Балалар сөмкеде не бар? Балалар «ішінде дәптер, қалам, кітап бар»

деп айта бастайды. Мұғалім бұл ойынды сабақ соңында қолданса болады. Әсіресе жаңа сөздерді еске түсіру үшін қолдануға болады. Мұғалім сөмкенің ішіндегі заттармен таныстырады. Сөмкеде не бар? Мұғалім оқушылардан What's this? Сұрағы арқылы затты көрсету арқылы сұрайды. Мысалы: Pen, sorubook, pencil, ruler, rubber деп көрсетеді. Сосын оқушыларға жеке-жеке қайталатады. Сөздерді ұмытпау керек. Сосын оқушыларға сөмке ішіндегі заттарды таратып беріп, оқушылардан осы заттарды мына сұрақ арқылы сұрауға да болады. Мысалы: Who has a pencil? Who has a ruler? Жауап бергенде, оқушылар кімде екенін табу керек. Оқушылар тапса, Janar has a pencil деп табу керек. Бұл ойын арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сөздік қорлары молайып, есте сақтау қабілеті артады.

2. Boardrace Тақта сайысы ойыны

Бұл ойынның шарты:

Мұғалім оқушыларды екі топқа бөліп, ойынның ережесімен таныстырады. Бұл ойында мұғалім түстер, сандар, сөздер айтады, сол айтылған сөздерді, сандарды оқушылар қатесіз жазу керек. Келесі оқушы әрі қарай жалғасын жалғастырып отырады. Соңында оқушылардың жазғанын тексеріп, қателерін жөндеп, қай топтың жеңгенін анықтайды. Мысалы:

P-1 ----P-2

Red ----Red

Ten ---Ten

Stone ----Stone

Winter ----Winter

Book -----Book

Бұл ойында оқушылар шапшаң, дұрыс жаза білу, есте сақтау қабілеттері артады.

3. Question Race Сұрақтар сайысы

Бұл ойынның шарты:

Мұғалім сол сабаққа қатысты сұрақтар қояды. Осы сұрақтар оқушыларға таратылып беріледі. Оқушылар сол сұрақтарға дұрыс жауап беру керек. Мысалы жыл мезгілдерін өткен кезде суреттер арқылы да мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. How many seasons are there in a year?

2. What are they?

3. How many months are there in a year?

4. What are they?

5. What season is it now?

6. What month is it now?

7. How many days are there in a week?

8. What are they?

Осы сұрақтар арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеттері артып, сөздік қорлары молайып, сабаққа деген қызығушылығы артады.

Қорыта келгенде, оқу үдерісінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді:

1. Әр оқушының шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Оқушының жеке қабілеті анықталады.
4. Оқушы топ жаруға ұмтылады.
5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды.
6. Әр оқушы өз деңгейімен бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. – М.: Просвещение, 1999. – 222 с.
2. Колкер Я.М. Практическая методика обучения иностранного языка. – М.: Академия, 2004. – 264 с.
3. Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. – М.: Русский язык, 1997. — 216 с.
4. Щерба Л.В. Преподавание языков в школе. – М.: Академия, 2003, – 160 с.

БЕЙСЕНБАЕВА А.А. ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГР ПРИ ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА У ДЕТЕЙ В ДОШКОЛЬНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

В статье рассматриваются эффективные методы использования игр для повышения интереса у детей при обучении английскому языку в дошкольных заведениях.

Ключевые слова: игры, ролевые игры, грамматические игры, алфавит, орфография, лексика, навыки говорения.

BEISENBAYEVA A.A. EFFECTIVE USAGE OF PLAYS IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE TO CHILDREN OF PRE-SCHOOL INSTITUTIONS

The article deals with the effective methods of plays used in teaching English language to children in pre-school institutions.

Keywords: plays, role plays, grammar plays, alphabet, orthography, lexis, speaking habits.

ӘОЖ 82.09(574)

ӘЛІБЕК АСҚАРОВТЫҢ «ӨР АЛТАЙ, МЕН ҚАЙТЕЙІН БИГІНДІ...» ПОВЕСІ

САПАРБАЕВА Қ.Ж., БЕГАЛИЕВА Р.Н.

Авторлар Ә.Асқаров шығармашылығындағы «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...» деп аталатын повестің маңызына тоқтала отырып, ол туралы белгілі сыншылар мен әдебиеттанушылардың пікірлерін келтіреді. Сондай-ақ жазушының нарық дәуіріндегі қазақ ауылын суреттеудегі шеберлігіне талдау жасайды.

Кілт сөздер: хикаят, өр Алтай, қазақ ауылы, қайта құру, кен қазу, тәуелсіздік кезеңі, ауыл шындығы, психологиялық проза.

Ә.Асқаровтың жазушылық әлемінде Хан тәңірісіндей алыстан менмұндалап тұратын еңселісі, көрнектісі – оның «*Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...*» деп аталатын повесі. Осы аттас кітап «Ұлттар» баспасынан өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында жарық көрді. Әдебиетші ғалымдар тарапынан «бүгінгі қазақ әдебиетінің даму процесіндегі айрықша атап өтетін шоқтықты шығарма» деп танылды. Он томдық қазақ әдебиетінің тарихы «Эпикалық кең тынысты, лирикалық сыршыл бұл дүние роман жанрына жатады» деген жанрлық анықтама береді.

«*Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...*» романы 1987 жылы жазылған. Бұл кітаптың бірінші бөлімі 1988 жылы аяқталса, екінші бөлімі мен үшінші бөліміне 1994 жылы нүкте қойылыпты [1]. Ізденгіш қаламгер шығарманың иін қандыруына уақытты тиімді пайдаланған.

Жазушының бұл повесі тәуелсіз еліміздің береке-бірлігіне қатысты көп мәселелерді көтерген. Қоғамдық салмағы күшті проблемаларды, ескісін де, жаңасын да, қазақ ауылының күнделікті қоңыр тұрмысынан, әр кейіпкердің өзіне ғана тән мінезінен, әпенділеу қылығынан, бейкүнә іс-әрекетінен сығымдап өндірген.

Жазушының шым-шымдап жеткізуінен байқалатыны – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі өтпелі кезеңнің қатал сынағында жатыр екен. Повестің өзегіне айналған проблема тек өтпелі дәуірдің қиыншылықтары тұсындағы тұрғындар психологиясын ашып көрсетумен шектелмейді, жазушы қазақы рухтың сақталып қалуы мәселесіне де мүмкіндігінше назар аудара білген. Бір жағында қазақы сананы қаймағын бұзбастан қалай сақтап қаламыз деген мәселенің ұшығы көрініп тұрса, екінші жағынан жастардың қалалы жерлерге ұмтылысы, тұрғындардың қалаға шоғырлануы (урбанизация) сияқты мәселелер алдыңғы қатарға шығады. Проблеманың ең бастысы – нарық дәуіріндегі қазақ ауылының ендігі тағдырына алаңдаушылық. Повесть үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «қайта құру» кезеңіне дейін «қазақтың құт дарыған қасиетті қонысының бірі» болған Төртінші ауылды сипаттаумен басталады.

Кезінде үш көшелі, жүз қаралы үйі бар Айдарлы ауылында бар-жоғы жеті үй, сегіз отбасы қалады. Кейін Төртінші бригада аталып кеткен ауылдың әр кейіпкері – өзінше бір әлем. Олар – төменгі жақтағы Мұқырға көшіп кеткен ауылдастарының артынан түрлі себептермен кете алмай қалған жандар. Бұл – «қайта құру» кезеңіндегі әр ауылдың басынан өткен қасіретті жағдайлар.

Кітаптың бұл бөлімі «Қазақтың ордалы бір ошағының оты сөніп бара жатты» деген сөздермен аяқталады.

Хикаяттың екінші, үшінші бөлімдерінде Мұқыр ауылының өмірі баяндалады. Бұл ауыл Төртінші ауылдай емес, әжептәуір үлкен. Кейіпкерлердің санының көптігімен бірге сюжеттің көлемі де ұлғайған. Тұрғындары да қарапайым адамдар. Олар да оқырманның жүрек төрінен орын алатын асыл адамдар. Ағайынды Нұрғали мен Жанғали, Мырзахмет, Қазтай, Әмір ақсақалдар, тіпті орыстанып кетсе де қазақ ортасына өзі ізденіп келген Лексей де осы жерге перзенттік махаббатымен берік байланған. Олардың астарлы юмормен өрнектелген тағдыры еске түсіп, еріксіз жымиясың. Жазушы тұнып тұрған әдемі юмор арқылы азынаған азап пен қасіретті жырлайды.

Шығарманың соңында ел жарасының ауызы тырналғандай замана келбеті кескінделеді: «...Үлкендерге ұлағат, кішілерде ізет қалмай барады бүгінде. Әлде ел азды ма, әлде заман тозды ма, әйтеуір бәріміз де тышқаншылап, ұсақталып кеттік, білем», – деген Бектемір ақсақалдың толғанысы, «Жастардың бәрі қағынан жеріген құландай қалаға қашып жатыр. Түзден тоят іздеседі...», – деген Орынбайдың күрсінісі қазіргі таңдағы ел ахуалын сипаттап тұр. «Кеңестік дәуірдегі жетпіс жылда қазақ халқының ұлттық генофондының деградацияға ұшырағаны» жайлы өзекті ұлт проблемалары – мұқырлық ақсақалдардың жүрек түбіндегі қайғысы.

«Әлібек Асқаров қалам ұшындағы бір нүктеден шартарапқа күн сәулесінің кірпіктеріндей сызық тартып, бүкіл қазақ даласын қамтыған.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы елімізде қоғам мен қоғам ауысқан өтпелі өмір шындығын көрсетуге арналған бұл шығармада, бір қарағанда, асып бара жатқан оқиға, шендескен конфликт жоқ. Бар-жоғы бір ауылдағы аздаған адамдар арасындағы тірлік. Бірақ нағыз қазақы, аңқау да албырт, «өгіз бұзаулады» десе, өлердей сенетін адамдар өмірі. Жазушы сол тірлікті, өткеннің өзекжарды шындығын бүгінгі беймаза жағдаяттармен жалғап, оқиға өрбітеді. Мұндағы қаламгер тілі өте шебер, тек Алтай өңірінің сөздік қоры емес, күллі қазақтың шұрайлы тіркес, әдемі афоризмін осы шығармадан көруге болады. Бұл қаламгердің шығармашылық ізденісі мен терең білім, жазушылық қарымының кеңдігін байқатады. Егер әділіне баксақ,

аталған хикаят – жаңа қоғамның алғашқы сәттегі қиындықтары мен болмысын барынша ашып көрсеткен өте сәтті шығарма» [2, 45].

Ә.Асқаровтың «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...» романы жайында заңғар жазушыларымыздың бірі Шерхан Мұртаза былай дейді: «Лев Толстойдың «Қажымұратындағы» соқа жырып кеткен түйежапырақтың тамырындай ауылдың жаны сірі, тамыры тереңде, соны көркем әдебиеттен көремін деген кісі осы кітапті оқысын», – деп оқырманға бағыт сілтейді. Ал айтулы ғалым, қазақ зиялысы, білімдары Шерияздан Елеуқенов : «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...» – тәуелсіздік кезеңі әдебиетінің шұғылалы шығармасы», – деген салиқалы сараптама жасайды. Тарихшы ғалым Бүркіт Аяған болса: «Көзіқаракты оқырман жөнінде «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...» шығармасын білмейтін жан кемде-кем шығар. Бүгінгі қарапайым ауыл өмірін тұрғындардың бастан кешкен оқиғаларын оқырман үшін соншалықты тартымды, қызықты етіп баяндаған мұндай туындылар аз», – деп жазады.

Ал, Жәркен Бөдешев былай деп жазады: «Тәуелсіздік жылдарында елді елең еткізген екі шығарманы атар едім.

Олар – Төлен Әбдіковтің «Парасат майданы», Мұхтар Мағауиннің «Құмырсқа қырғыны». Екі қаламгердің де білімділігіне, ізденгіш жаңашылдығына тәнті болдым.

Үшінші шығармаға Әлібек Асқаровтың «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...» атты сүбелі туындысын қосар едім.

Мен осы шығарманы оқығанда, Алтайдың құс қанатын талдыратын ғұлама құздарынан қазақтың рухын жоқтап жүрген қияли қанатты, жігері асау, өзі асыл текті альпинисті көргендей боламын».

«Романға бергісіз хикаят» деп атапты Шерхан Мұртаза кітапқа берген алғы сөзінде. Бір ғана ауылдың тағдырын көрсету арқылы жазушы социалистик өмір салты бұзылып, күллі қазақ аулының жай-күйін, адамдардың қожыраған, колхоздар мен совхоздардағы қиюы қашқан тіршілігін әдем бейнелеген. «Қайта құру» деп басталып, жаппай жекешелендіруге көшкен шақтағы елдің өмірге ене бастаған өзгерістерді жете түсінбей, бұрынғы коллективтік дүние-мүліктің талан-таражға түскенін, адамдардың сана-сезімінде өзіншілдік ұғым етек алып бара жатқанын көріп, жаңалықтарға үрке қарап, алда не боларын анық білмей, дел-сал болған қарапайым еңбекшілерді сол қалпында суреттеген. Осы жайттардың барлығын Әлібек бірде жеке кісілердің тағдырын, бірде бүкіл ұжымның тарихын баяндау арқылы көрсетеді және осыларға деген өзінің көзқарасын әдемі әзілді, жылы бір жанашырлық сезімді араластырып, сырт көз болып білдіреді. Сондықтан оқырман, бір жағынан іштей өкініп, екінші жағынан күліп отырады. [3, 241].

Жиырманшы ғасырдың 90-жылдарындағы өтпелі кезеңнің шындығын шығарма арқауына айналдырған жазушының шеберлігі оқиғаны өрбіту, кейіпкерлер болмысын даралау, авторлық баяндаудан барынша көрініс тапқан. Уақыт шындығын көркем бейнелеу қаламгерден шеберлік пен қырағылықты, аңғарымпаздық пен тереңдікті қаншалықты қажет ететінін ескерсек, бұл хикаяның қаламгерге үлкен абырой мен жетістік әкелуі кездейсоқтық емес.

Әлібек Асқаровтың шығармашылық әлемін шұқшия зерттеген бір қаламгер айтқандай, Алтайдың жұмбағын шешу, оның тоғыз қабат торқа шапанының өңірін ағытып, шежіресін «сауу» алты айшылық алыста жатқан жанның қолынан келмесін зерделеген Асқаров белді бекем бұрып, тас түйін дайындалып, асай-мүсейлерін арқалап, жыл сайын туған өлке тылсымдарына қарай сапар шегеді. Саяхатқа емес, Алтайдың ел санасынан, жұрт жадынан ұмытылып бара жатқан жұмбағын ашуға... Ұшар бастарын бұл көмкерген мұз шатқалдардан жанын шүберекке түйіп ары өтеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында вольфрам алынған Көккөл кенішіне барып, сүйектері әлдеқашан шашылып қалған бабаларының аруақтарымен тілдеседі. Соғыс кезінде танктердің брони үшін вольфрам кені ауадай қажет болған. Асудың үстінде, қысы-жазы боран соғып тұратын желдің өтінде, үш мың метр биіктікте адамдар қолдарымен кен қазған. Бұл – Әлібекке дейін ешкім шұқшия зерттемеген жан драмасы. Қашан болмасын, әр қаламгердің жанына жақын өзгелерінен оқ бойы озық тұратын дүниесі болады. Ол, біздің пайымдауымызша, «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...» повесі. Алтайдың бір түкпіріндегі қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, адамдарының күнделікті қам-қарекеті, олардың бір-бірімен қалай тілдесіп, қалай әзілдесетіні, тіпті мінездеріндегі көп көзге түсе бермейтін ерекшеліктерінің өзі сол қалпында жанды бейнеге айналып, қарсы алдыға келіп самсап тұра-тұра қалады. Тірі жанды жалықтырмайды, қарапайым адамдардың боямасыз болмысы сені де еріксіз елендетеді, кей тұстарда рақаттанып күліп те аласың. Ақырында Алтай топырағын басып сол жақта «жүргендігіңді» бір-ақ аңғарасың. Асқаровты салыстырмалы түрде айтқанда, көпсітіп көп те жазбайды, аз да жазбайды. Алдымен «мен не үшін және кім үшін жазып отырмын, осыным біреуге керек бола ма ?» деп өз ойын «мидың мың градустық домнасында қайнатып барып», содан соң ғана қаламға жүгінетін жазушы. Сақ әрі сырбаз. Өзгеге ұқсамаудың жолы осы екен деп, өз бетінше құрғақ қиялданып та кетпейді. Алдымен оқырманның обал-сауабын ойлайды, осы күнгі әлем әдебиетінде болып жататын ізденістерді сана сүзгісінен өткізіп, өзіне ыңғайлысын, ақыры тек Асқаровқа ғана жарасатын соны сүрлеуді таңдап алады. Ә.Асқаров – мыңдаған оқырманның көз алдында жүрген жазушы. Оқырмандары да “Асқаров енді не жазар екен?» деп іздеп жүріп оқылатын

жазушы. Ал бұл қалам ұстағандардың кез келгеніне бұйыра бермейтін бақыт» [4, 118].

Шығарма жөнінде академик Серік Қирабаев та өзінің пікірін білдірген: «Бұл – бір ғажайып лирикалық хикая. Жұп-жұмсақ, мөп-мөлдір, тұнып тұрған лиризм. Адам сезімін, ойын қозғап, құйылып тұрған сыр. Бейімбетше жазады, сол ұлы жазушының дәстүрін жалғастырады. Дәстүр деген де көктен түскен үлгі емес қой. Өмірдің қарапайым шындығын жұпыны әңгімелеуден, адамды танып, оның сырын ашып суреттей білуден туады. Ә.Асқаров жас дейтін жас та емес. Бұрын да талай кітаптары шыққан. Мына кітабы да бұрынырақ басылған тәрізді. «Рарирет» баспасы «Қазақ прозасы қазынасынан» деген сериямен қайта басып шығарыпты. Менің қолыма түскені осы болды, шығарманы қызығып оқыдым», – деп жеткізеді.

Алайда шығарманың тақырыбы, суреттеліп отырған өмірі – лирика емес, трагедия. Ол Кеңес өкіметінің соңғы жылдары бір орталықтан басқару жүйесі ыдырап, колхоздар мен совхоздар тарап, қазақ ауылдарының бөлініп-бөлініп, шаруашылығы күйрей бастаған кезең оқиғасына құрылады. Ауыл-ауыл болып жіктеліп, оңашаланған қазақ ортасында ағайындық, рушылдық белең алады. Жастар жұмыс таппай қалаға кетеді. Бөлімшелер мен бригадаларда, мал фермаларында қалғандар, бұрынғы жұмыс орындары жабылып, еңбексіз қалады. Әлі келгендері колхоз, совхоздарға, басқа жаққа қоныс аударады. Жазушы қазақ ауылы үшін үлкен апат кезеңі болған осы бір шындықтың сыры мен шынын суреткерлік пен ашып берген.

Шығарма оқиғаларын, адамдар тіршілігі мен іс-әрекеті жайлы әңгімелерді Ә.Асқаров көркем тілмен, негізінен баяндап жеткізеді. Үлкен психологиялық суреттер жоққа тән. Жеке кейіпкерлерді біртіндеп еске алып, оның тағдыры жайында әңгімелеген шығармада психологиялық суреттің аздығын байқамай да қаласың. Оның көркемдік күші – бүгінгі қазақ ауылы тұрмыс-тіршілігінің дәл түсірілген суреті мен жеке адамдардың бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі тағдырында. Жазушы детальді ойната біледі. Типтік бейнелер типтік ортада ашылады. Осылардың бәрі ауыл шындығын мүлтіксіз жеткізуге көмектескен.

Әр ауылдың өзгеше тағдыры, өзіндік тарихы болғанымен, қазақ ауылдарының жалпы тіршілік-тынысы, рухы бір-біріне ұқсас келетіндіктен, шығарманы оқи отырып, әр қазақ өз ауылын таниды. Елдік дәстүрдің, қазақы қасиет пен имандылықтың мөлдір бастауы ауыл екенін тағы бір түсінеді. Шығарма желісі үнемі әдемі әзілмен өріліп отырады, сөйтіп, оқырманын әсте жалықтырмайды, ауыл тұрмысы боямасыз шындықпен бейнеленген. Уақыт шындығын көркем бейнелеу қаламгерден шеберлік пен қырағылықты, аңғарымпаздық пен тереңдікті қаншалықты қажет ететінін ескерсек, бұл шығарманың қаламгерге үлкен абырой мен жетістік әкелуі кездейсоқтық

емес. Ол – шығармашылық ізденістің, терең білім мен жазушылық табиғатын еркін игерген таланттың нәтижесі. Повесть дер кезінде, дәл уақытында жазылуымен көзіқарақты оқырманның ықыласына, жылы ілтипатына бөленді. Шығарманың төгілген тілі, келіскен әзілі мен ащы мысқылы, жүректі қозғап, жанды егілтер шынайылығы – өз алдына бір зерттеуге жүк боларлық дүние. Қызыл туын ғасырға жуық желбіреткен кеңестік жүйе күйреп, ежелден аңсаған тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдардың қиындығын дәл осы туындыдай бар болмысымен ашып көрсеткен шығарма сирек. Осы кезеңнің ауыртпалығы, сол қиындықты толарсақтап кешкен ауыл адамдарының мінез-құлқы мен іс-әрекеті, тағдыр-талайы бұл туындыда асқан шынайылықпен тартымды бейнеленген. Автордың шебер әрі шешен баяндауы оқырманын еріксіз баурайды.

Жазушы Ә.Асқаров осы шығармасында өзін қазақәдебиетіндеіргесін Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов секілді майталмандар мықтап қалап кеткен психологиялық прозаның айтулы шебері ретінде көрсете білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асқаров Ә. Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді. – Алматы: Раритет баспасы, 2011.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-том.– Алматы: Әдебиет және өнер баспасы, 2004. – 536 б.
3. Мұртаза Ш. Романға бергісіз повесть // Қазақ әдебиеті, 2001, 26 қаңтар.
4. Әшімханұлы Д. Әлібектен – Әлекеңе дейін, дос туралы сыр / Ана тілі, 2001, 25 қаңтар.

САПАРБАЕВА К.Ж., БЕГАЛИЕВА Р.Н. О ПОВЕСТИ АЛИБЕКА АСКАРОВА «О, ГОРДЫЙ АЛТАЙ, ДЛЯ ЧЕГО МНЕ ТВОЯ ВЫСОТА...»

Авторы статьи рассматривают содержание и значение повести Алибека Аскарора «О, гордый Алтай, для чего мне твоя высота...», также приводят отзывы известных критиков и литературоведов о данном произведении. Способами лингвистического анализе художественного произведения определены особенности стиля писателя, который описал психологию казахского аула при рыночных отношениях.

Ключевые слова: повесть, гордый Алтай, казахский аул, перестройка, период независимости, добывание руды, правда аула, психологическая проза.

SAPARBAEVA K.ZH., BEGALYEVA R.N. STORY «OH, ALTAY, WHAT CAN I DO WITH YOUR HIGHTH»

The authors of the article examine maintenance and value to lead of Alibek Askarov "Oh, proud Altai, for what to me your height", also the reviews of well-known critics and literary critics lead about given works. By methods linguistic analysis of artistic work the

features of style of writer that described psychology of the Kazakh aul at market relations are certain.

Keywords: story, proud Altai, Kazakh aul, alteration, period of independence, getting of ore, true of aul, psychological prose.

УДК 811.112.2

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОБЛЕМНОГО МЕТОДА ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НА ПРИМЕРЕ РАБОТЫ НА ДИНОЯЗЫЧНЫМ ТЕКСТОМ

САВЕЛЬЕВА Н.П.

Проблемный метод обучения рассматривается как средство активизации учения, повышения эффективности обучения конкретной дисциплине. Под проблемным обучением мы понимаем такую организацию учебных занятий, которая предполагает создание проблемных ситуаций под руководством преподавателя и активную самостоятельную деятельность обучаемых по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение знаниями, умениями и навыками и развитие мыслительных способностей. Сущность проблемного обучения заключается в том, что обучаемым предлагаются задачи проблемного характера, способы выполнения которых им известны.

Ключевые слова: проблемный метод, проблемное обучение, проблема, проблемная ситуация,

Проблемный метод обучения не является новым в методике обучения иностранным языкам и основывается на теоретических положениях американского философа, педагога и психолога Дж.Дьюри.

В 80-е годы XX века в педагогической литературе появился целый ряд работ и статей, посвященных проблемному методу обучения. Так, например, профессор Т.А.Ильина на страницах журнала «Вестник высшей школы» подчеркивает, что в отличие от традиционного метода в проблемном методе – «иная мотивация, акцент делается на актуальное побуждение, при этом его нельзя абсолютизировать, но надо применять достаточно широко с целью развития умственных способностей обучаемых» [2, с. 25-29].

А.Э.Штейнмец считал проблемный метод «скорее одним из перспективных способов реализации принципа научности, чем принципа обучения» [5, с. 7-12], а Л.А.Волчегурский говорил, что проблемное обучение – это «система оптимального управления познавательной, творческой, теоретической и практической деятельности обучаемых, основанная на

определенном понимании закономерностей процесса мышления и усвоения знаний, развития познавательных способностей» [1, с. 20-23].

Кроме этих статей во многих работах проблемный метод обучения рассматривается как средство активизации учения, повышения эффективности обучения конкретной дисциплине. Поэтому под проблемным обучением мы понимаем такую организацию учебных занятий, которая предполагает создание проблемных ситуаций под руководством преподавателя и активную самостоятельную деятельность обучаемых по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение знаниями, умениями и навыками и развитие мыслительных способностей. Сущность проблемного обучения, на наш взгляд, заключается в том, что обучаемым предлагаются задачи проблемного характера, способы выполнения которых им известны. Нельзя выдвигать задачи и задания, которые непосильны студентам, так как они требуют специальных знаний и подготовки. Студент, опираясь на знания и умения, которыми он владел раньше, сам должен найти способ решения задач. Нам хотелось бы добавить, что этот метод, создан на основе проблемных ситуаций, в которых должен действовать объект. Ситуация содержит в себе незаполненные места (пробелы), которые заполняются для того, чтобы цель была достигнута. Следовательно, проблемная ситуация выступает не иначе, как задача.

Что касается исследования В.С.Оконя этого вопроса, то он подчеркивает, «что проблема не есть то же самое, что и задача». [4, с.42]

Преподавателю следует помнить, что нельзя в простейшем вопросе видеть проблему. Например, если студента попросить рассказать, как он провел выходной день или какие планы у него на сегодняшний вечер, то подобную постановку вопроса никак нельзя отнести к проблемной, так как она не отвечает условиям проблемной задачи.

Использование проблемного метода на занятиях по иностранному языку позволяет развивать наряду с творческой активностью и творческие умения обучаемых, такие как:

- 1) вести дискуссию по заданной теме;
- 2) слышать и слушать собеседника;
- 3) отстаивать свою точку зрения, подкрепленную аргументами;
- 4) находить компромисс с собеседником;
- 5) лаконично излагать свою мысль;
- 6) находить варианты решения проблемы.

В свою очередь, решение проблемы состоит из 3-х этапов:

- постановки проблемы, решения, проверки правильности решения.

Использование проблемного метода способствует не только развитию самостоятельности у обучаемых, включению их в поисковую и

исследовательскую деятельность, но также открывают возможности творческого сотрудничества педагога и обучаемого.

Для более эффективного обсуждения той или иной проблемы на занятиях по иностранному языку мы заранее: 1) предлагаем студентам подготовить возможные вопросы друг другу по теме обсуждения; 2) определяем правила ведения обсуждения (организационный момент, этические нормы, обязанность всех использовать речевые клише в речи, средний объем речевых высказываний, аргументированность высказываний; 3) обсуждаем использование разнообразных стимулов и опор (содержательных, смысловых, речевых, языковых).

В качестве опоры можно предложить текст, так как он представляет собой и содержащую, и, что более важно, лингвистическую опору.

Хочется отметить также, что мы используем тексты, включающие знакомый студентам лексико-грамматический материал и небольшие по объему, но достаточно информативные.

Вступление в беседу того или иного обучаемого происходит тогда, когда содержание прочитанного ими текста оказывается актуальным и уместным в данном месте беседы. При этом высказывания требуют от обучаемых самостоятельного выполнения ряда коммуникативно обусловленных операций:

- соотнести содержание прочитанного текста с той проблемой, которая обсуждается;
- соотнести содержание текста с коммуникативными целями и намерениями собеседника;
- отобрать из текста ту информацию, которая необходима и полезна для участия в беседе;
- выразить свое мнение и отношение к информации;
- сжать (расширить) текст за счет фоновых знаний;
- осуществить (по необходимости) языковые и речевые трансформации.

Таким образом, на основе текстов – опор до и в ходе решения проблемы у студентов развиваются коммуникативные умения чтения и говорения.

Важным моментом является подведение итогов обсуждения проблемы. Педагог может использовать различные способы поощрения студентов: баллы, карточки различного цвета и др. В конце занятия баллы суммируются и выставляется оценка. Также педагогу необходимо проявлять терпимость к допускаемым студентами ошибкам и исправлять эти ошибки только тогда, когда появляется безнадежность студента и ему требуется помощь. Не следует забывать и о контроле, но в любом случае, результат учебной деятельности при использовании проблемного метода заметно улучшается.

Преимуществами проблемного метода при обучении иностранному языку, на наш взгляд, выступают:

- 1) самостоятельное добывание знаний путем собственной творческой деятельности;
- 2) интерес к учебному труду;
- 3) развитие продуктивного мышления;
- 4) прочные и действенные результаты обучения.

К недостаткам следует отнести:

- 1) недостаточный уровень языковой подготовки студентов;
- 2) нехватка времени на изучение той или иной темы;
- 3) трудность вовлечения студентов со слабой языковой подготовкой;
- 4) непривычность подобной формы работы;
- 5) слабую управляемость познавательной деятельностью студентов;
- 6) большие затраты времени на достижение поставленных целей.

Хочется отметить, что этот метод, несмотря на эффективность, нельзя универсализировать, так как эффективность обучения зависит от умелого сочетания различных методов. Проблемное обучение заключается в том, чтобы предлагать обучаемым для решения посильные задачи, которые вели бы их к их собственным «открытиям».

«Использование проблемного метода соответствует социальному заказу, природе развивающего и научного знания и практически – преобразовательной направленности человеческой деятельности». [3, с.88]

ЛИТЕРАТУРА

1. Волчегурский Л.С. Внедрение необходимо и реально. // Вестник высшей школы. – М., 2005. – №10. – С. 20-23.
2. Ильина Т.А. Проблемное обучение. // Вестник высшей школы. – М., 2008. – №2. – С. 25-29.
3. Коньшева А.В. Современные методы обучения иностранному языку. – Минск: ТетраСистемс, 2009. – 175 с.
4. Оконь В.С. Основы проблемного обучения. – М., 2008. – 196 с.
5. Штеймец А.Э. Принцип или способ? // Вестник высшей школы. – М., 1977. – №1. – С. 7-12.

САВЕЛЬЕВА Н.П. ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕГІ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҰРГІЗУ БАРЫСЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ

Проблемалық әдіс оқу әрекетін жандандыру, белгілі бір пәнді оқыту тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырылған. Аталған әдіс ретінде оқытушының басшылығымен проблемалық жағдаят тудыру мен оларды шешуде білім алушылардың өз бетінше белсенді әрекетін көздейді. Нәтижесінде білім, икем-

дағдыларды шығармашылықпен меңгеру және ойлау қабілеттерін дамыту жүзеге асады.

Кілт сөздер: проблемалық әдіс, проблемалық ойлау, проблемалық оқыту, проблемалық жағдаят

SAVELYEVA N.P. USING THE PROBLEM METHOD FOR TEACHING FOREIGN LANGUAGE ON THE EXAMPLE OF WORK ON FOREIGN LANGUAGE TEXT

This article deals with the problem's method of education and it is based on the theoretical position of the American philosopher, educator and psychologist George. Dury The problem method of education is probably one of the most promising ways of implementing the principle of science, than the principle of learning"

Keywords: problem method, problem-based learning, problem, problematic situation.

УДК 8.11.161.1:233-5344

МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ЦЕЛЕОРИЕНТИРОВАНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА

УТЕМБАЕВА М.М., БАЙТЕНОВА Р.М.

В данной работе рассматриваются вопросы методологической основы целеориентирования на занятиях русского языка. Соотнесенность целей и задач занятий – важнейшее требование к организации обучения. Презентация цели занятия и задач, ведущих к ее достижению, является важным средством создания и поддержания мотивации изучения русского языка студентами национальных групп.

Ключевые слова: целеориентирование, задачи, коммуникативный, процесс, компетенция.

Мотивационная сфера изучения русского языка в национальной аудитории предполагает систематическое коммуникативное целеориентирование. Общая цель занятий в единстве практического, воспитательного аспектов направлена на формирование тех или иных коммуникативных умений и определяется решением комплекса задач учебной деятельности, задаваемых на каждом этапе занятия.

Соотнесенность целей обучения и задач занятий – важнейшее требование к организации обучения. Занятия по русскому языку имеют коммуникативную направленность, которая, в частности, определяет особенности постановки цели и задач обучения неродному языку. Студенту необходимо иметь точное представление о том, что он хочет узнать

(лингвистическая и коммуникативная компетенции) и чему научиться (коммуникативная компетенция), а также, каким образом приобретенные знания, навыки и умения могут быть реализованы в реальном общении.

Презентация цели занятия и задач, ведущих к ее достижению, является важным средством создания и поддержания мотивации изучения русского языка.

Рассмотрим приемы целеориентирования студентов национальных групп на занятиях по русскому языку. Согласно учению Леонтьева А.А., Зимней И.А., основными стадиями учебно-познавательной деятельности, являются установочная, ориентировочная, исполнительская и контрольная стадии. Занятие как единица организации учебного процесса, воспроизводит все этапы учебно-познавательной деятельности. Четырехкомпонентная деятельностьная модель практического занятия позволяет определить особенности целеориентирования на каждом из этапов, а не только на установочном этапе, где дается определение общей цели занятия, краткое описание задач, ведущих к ее реализации. Вместе с тем, следует отметить, что на установочном этапе задаются проблематика и тактика усвоения на все занятие. Таким образом формируется установка, представляющая собой создание общей предрасположенности к планируемой деятельности. Целеориентирование является ориентиром, на который студенты направляют свою деятельность. Тем самым цель, сформулированная преподавателем, создает основу для постановки каждым студентом перед собой определенных коммуникативных задач в единстве с языковыми средствами и схемой их выполнения. Формулирование основной цели занятия играет значительную мотивирующую роль в организации речевой деятельности студентов. На установочном этапе целеустановка к занятию формулируется через интенции (коммуникативные намерения), выражающие потребность формирования ситуативного, тематического, микротемного высказывания и поэтому обобщенно-тематические и обобщенно-ситуативные.

На всех последующих этапах общая цель должна быть разбита на ряд задач учебной деятельности. Так, на ориентировочном этапе целеориентирование должно представлять коммуникативное обоснование задач восприятия и осознания нового языкового и речевого материала. Целеориентирование на данном этапе способствует осознанию обучающимися необходимости усвоения всего вводимого материала и отдельных его частей, всех учебных действий и операций для достижения основной цели, заданной на установочном этапе. Важно, чтобы студенты видели закономерную связь между всеми частными учебными задачами и основной целью, чтобы все эти задачи складывались в сознании студента в

четкую систему, иерархию. Следует отметить, что форма постановки задач зависит от специфики эксплицируемого материала.

Указанные особенности интенционального оформления учебных задач релевантны и для третьего этапа занятия – тренировочно-исполнительского. На ориентировочном и тренировочно-исполнительском этапе занятия интенции, называющие дробные коммуникативные задачи, становятся более конкретными.

В развитии коммуникативной компетенции студентов большое внимание должно отводиться воспроизведению усвоенного материала и применения его в различного рода упражнениях. Говорение – речевой навык или коммуникативное умение, которые могут формироваться только в результате многократных, мотивированных потребностями познания и общения тренировок.

Рассмотрим общие характеристики упражнений, реализующих задачу тренировочно-исполнительского этапа на занятиях русского языка:

1. Упражнения должны находиться в иерархической зависимости друг от друга.

2. Упражнения должны отражать процесс решения задачи, соотносящийся с ближними и дальними целями обучения, включать все его компоненты. Очень важно учить студентов решать задачи, представляя упражнения развернуто, прогнозируя искомый продукт и планируемый результат, давать предметные, вербальные, смысловые опоры, обеспечивать контроль и самоконтроль.

3. Упражнения должны быть по возможности ситуативными, т.е. моделирующими ситуацию общения по основным параметрам даже в тех случаях, когда речь идет об овладении языковыми или речевыми средствами и планируется какой-то начальный результат. При формулировании установки к упражнению надо стремиться придать ей характер коммуникативной или условно-коммуникативной задачи.

4. Упражнение в целом должно по возможности более полно обеспечивать реализацию практической и воспитательной целей и быть адекватно им.

В блок упражнений на тренировочно-исполнительском этапе входят:

- а) упражнения, направленные на формирование языковой компетенции,
- б) упражнения, направленные на формирование коммуникативной компетенции.

Предпочтительно, чтобы такие упражнения выступали как творческие и познавательные задачи и носили коммуникативный характер.

Важнейшим элементом указанного этапа является применение изучаемого языкового явления. Это – стадия, обеспечивающая понимание

цели и намерений собеседника, формирование собственных интенций и тактик, степень умения оперировать приобретенными знаниями. Происходит переход от формирования лингвистической компетенции к ее использованию в заведомо ограниченных, условных ситуациях общения.

Задачи учебной деятельности к упражнениям, направленным на формирование коммуникативной компетенции, должны ставиться перед студентами с указанием функционально-тематических особенностей порождения высказывания. Они должны состоять как минимум из двух компонентов: 1) учебной задачи упражнения (через интенции), 2) указания на контекст употребления в конкретной ситуации общения.

На итоговом этапе – этапе рефлексии – студенты оценивают пройденный материал, выделяют в нем основное, оценивают его с точки зрения будущих задач. Студенты с помощью преподавателя выявляют степень достижения поставленных перед ними целей. Даются ответы на вопросы: «О чем узнали?». «Чему и как научились?» Студенты на данном этапе учатся анализировать собственную учебную деятельность, оценивать ее, сопоставлять результаты этой деятельности с основными целями и частными учебными задачами.

Таким образом, методологической основой модели поэтапного целеориентирования является коммуникативно-деятельностный подход. Презентация цели занятия и задач, ведущих к ее достижению, является важным средством создания и поддержания мотивации изучения русского языка студентами национальных групп.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Лихачева О.В. Активизация учебной деятельности студентов. – М.: Русский язык, 1998. –229с.
- 2.Зимняя И.А. Личностно-деятельностный подход в обучении русскому языку как иностранному//Русский язык за рубежом. – М.,1985. –№5. – С.28.
3. Зимняя И.А., Леонтьев А.А. Психологические особенности овладения иностранным языком//Вопросы обучения русскому языку иностранцев на начальном этапе: Сб. статей/под ред. А.А. Миролюбова, Э.Ю. Сосенко. – М.,1981. – С.24

УТЕМБАЕВА М.М, БАЙТЕНОВА Р.М.ОРЫС ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МАҚСАТ ҚОЮДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Бұл мақалада орыс тілі сабақтарында мақсат қоюдың әдістемелік тәсілдері қарастырылған. Мақсат пен міндеттердің сәйкестігі – оқу үдерісінің негізгі талабы. Мақсат пен міндеттердің презентациясы ұлттық топ студенттеріне орыс тілін оқудың бірден бір себебі болып табылады.

Кілт сөздер: мақсат, міндеттер, коммуникативтік, үдеріс, құзыреттілік.

UTEMBAEWA M.M., BAITENOVAR.M.METHODOLOGICAL BASIS OF AIM ORIENTEERING IN CLASSES OF RUSSIAN

In this work the questions of methodological basis of aim orienteering in classes of Russian are considered. Relatedness of aims of teaching and tasks of classes is a main requirement for organization of teaching. Presentation o aims an tasks is main means of creating and support for motivation of Russian studying by students of national groups.

Keywords: aim orienteering, tasks, communicative, process, comptension.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

УДК 785 (574)

**К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ЖАНРА
СИМФОНИЧЕСКОГО КЮЯВ КАЗАХСКОЙ МУЗЫКЕ (НА ПРИМЕРЕ
ПРОИЗВЕДЕНИЙ Е.РАХМАДИЕВА)**

ДЖОЛАМАНОВА Г.Д.

В данной статье рассматриваются принципы трансформации народно-инструментального жанра «кюй» с симфонической музыкой Казахстана. Также приведены особенности формирования жанра симфонического кюй на примере оркестровых пьес Е.Рахмадиева.

Ключевые слова: *домбыра, кюй, национальные традиции, симфонический кюй.*

Одной из проблем, вызывающих устойчивый интерес при изучении казахской профессиональной музыки, является ее взаимодействие с национальными художественными традициями. Именно оно позволяет музыкальному искусству на протяжении длительного времени сохранять свою национальную специфику. В то же время, национальные традиции обладают способностью впитывать в себя достижения общечеловеческой музыкальной культуры, влиять на формирование нового музыкального языка, создание целостной художественной системы. В связи с этим, изучение данной проблемы становится необычайно актуальным для решения таких вопросов, как специфика национального музыкального стиля, художественного мышления, преемственность между профессиональным искусством устной традиции и современным композиторским творчеством.

В данной статье представлены некоторые особенности взаимодействия народно-инструментального жанра «кюй» с принципами и закономерностями, сложившимися в симфонической музыке. Это сделано на примере оркестровых пьес Е.Рахмадиева «Дайрабай» и «Құдаша-думан», которые являются наиболее яркими примерами оркестрового воплощения кюя как целостного жанрового образования в казахской симфонической музыке, которые дали начало функционированию нового жанра – «симфонического кюя».

На основе домбровых кюев «Дайрабай» Дайрабая и «Құдаша» Даулеткерей, композитор создал лаконичные и, в то же время, достаточно развитые композиции, отличающиеся интенсивным развертыванием, большой обобщающей силой. Если предшествующие опыты разработки кюев в профессиональной музыке были направлены, в основном, на освоение отдельных фактурных, гармонических, тембровых особенностей

многоголосия, поиски средств воспроизведения приемов народного исполнительства, и претворялись, главным образом, в жанре симфонической поэмы [1, с.124], то в произведениях Е.Рахмадиева жанр кюя воплощен в его целостном виде. Это позволяет проследить методы трансформации национального жанра при перенесении его в сферу письменной композиторской традиции.

Важной чертой рассматриваемых симфонических кюев является выдержанный стремительный темп, волнообразный принцип развертывания музыкальной ткани, вызывающий ассоциации с основными разделами формы кюев (бас буын, орта буын, саға), трехчастная структура с ясно обозначенной новой темой в средней части, яркая оркестровка, интенсивное мотивно-интонационное развитие. Одновременно с обновлением музыкальной лексики, использованием современных приемов письма в них наблюдается усиление специфически-национального начала, направленного на воссоздание логики народного художественного мышления, характерных для него принципов организации музыкального материала.

Анализ симфонических кюев Е.Рахмадиева с точки зрения воплощения традиционного национального жанра в сфере симфонической музыки, выявил следующие закономерности:

А) Утрата таких родовых качеств домбрового кюя как устность и импровизационность, привели к изменению в соотношении важнейших общелогических музыкальных принципов – повтора и обновления, динамики и статики, а также в решении проблемы контраста и пространственно-временной организации произведения. В оркестровых кюях, в целом, наблюдается смещение установки с типологически устойчивых признаков жанра, выразителем которых является повтор (возвращение бас буына после каждого раздела формы) на мобильные, недетерминированные, т.е. тенденцию к обновлению. Повтор, как основной фактор дискретности формы, теряет свое первостепенное значение. Членение формы поддерживается и другими средствами, сложившимися в профессиональной музыке, такими, как фактура, гармоническая вертикаль с ее развитой системой кадансов, темповые смещения, тембровое развитие и т.д. Свое значение повтор сохраняет, прежде всего, как контраст к обновлению. Усиливая различие между стабильными и мобильными элементами в форме, композитор придает, в целом, большую, по сравнению с домбровыми первоисточниками, контрастность музыкальной ткани. Вероятно, это является следствием перенесения жанра в сферу письменного композиторского творчества, где одним из важнейших критериев при оценке произведения является степень его индивидуального своеобразия.

Б) Изменяется характер проявления индивидуального начала в кюях. Если в устной традиции его носителем являлись импровизационность и особенности исполнительства, то в симфонических кюях на первый план выдвигается тематизм и композиционно-драматургическое решение.

В) При отсутствии ярких тематических контрастов в оркестровых кюях происходит активизация внутритематических средств (мелодико-интонационных, метроритмических, ладогармонических, фактурных). В отдельные моменты они способны приобретать самостоятельное выразительное значение (например, ритмический эпизод в «Кұдаша-думан», новое мелодическое образование в средних частях «Дайрабая» и «Кұдаша-думан», интонационно связанное с тематизмом крайних частей).

Г) Наблюдается не только усиление контрастности музыкальной ткани, но и изменение самого его качества. В домбровой музыке контраст реализуется в специфической форме: он сосредоточен, в основном, в вертикальном срезе и связан с пространственным пониманием формы [2, с.231]. Таковы, например, смены высотно-регистрового положения тематического материала, обозначающего границы между разделами кюя (бас буын, орта буын, саға I, саға II), пространственные перемещения (раздвижения, сжатия), которыми подчеркиваются драматургически значимые участки формы, переменность функций голосов, выражающаяся в передаче темы от одного голоса к другому. В симфонических кюях, наряду с пространственным, действует временной контраст (возникновение нового мелодического образования в средних частях как результат развертывания во времени), что ведет к усилению «событийности» в музыкальной ткани. Это оказывает влияние на трактовку пространства и времени и, в конечном счете, на драматургическое осмысление жанра. Благодаря использованию богатой тембровой, регистровой, динамической палитры симфонического оркестра, пространство в симфонических кюях приобретает новое качество – глубинность, объемность, которые в домбровой музыке существовали в виде предпосылок. Здесь необходимо отметить такую важную закономерность: усиление фонических свойств музыкального пространства в оркестровых кюях Е.Рахмадиева сопровождается ослаблением его функционального (формообразующего) значения. В них нет четкой пространственной регламентации разделов, закреплённости их определенным высотным положениям материала, которая характерна для домбровых кюев. Принцип последовательного освоения музыкального пространства, лежащий в основе их формообразования, реализуется здесь в большой роли волнового развития, в идее постепенного расширения пространства, широкого использования приема фактурного, тембрового, динамического *crescendo – diminuendo*, напластовывания фактурных линий по диагонали.

Д) В трактовке традиционной формы кюев наблюдается тенденция к преодолению функциональной однородности фаз развития, стремление к их функциональной дифференциации. В результате, более отчетливо проявляются свойства экспозиционности, разработочности и репризности.

Таким образом, можно отметить, что важнейшим методом симфонизации традиционного жанра является активизация в нем временного начала, усиление динамической процессуальности. При этом сохраняется такая важная черта жанрового содержания кюя, как воплощение одного эмоционального состояния, утверждаемого на различных уровнях динамики его развития, но всегда в пределах одного образа. Иначе говоря, композитор развивает, прежде всего, те черты симфонического становления, которые не противоречат эстетике национального жанра, но оставляет в стороне такие его свойства, как диалектическое противоречие, борьба противоположных начал и качественное преобразование как его результат.

Традиция симфонических кюев, классические образцы которых были представлены в кюях Е.Рахмадиева «Дайрабай» и «Кудаша-думан», получили продолжение в творчестве казахстанских композиторов последующих лет. Оркестровые произведения Т.Кажғалиева («Қыз қуу»), Т.Мынбаева («Төремұрат», «Қарақожа»), М.Сағатова («Мерген»), Б.Қыдырбек («Серіктес», «Балғабек», «Омар сарыны») и других композиторов определили новые пути в развитии этого жанра, вызвав к жизни его такие его разновидности, как камерный күй, концертный күй, лирические күй и т.д. Широкое использование жанровых средств домбрового кюя в творчестве современных композиторов Казахстана еще раз подтверждает неисчерпаемость этой традиции, которая представляется уникальным художественным явлением, способным на протяжении длительного времени сохранять свою действенность и художественную значимость.

ЛИТЕРАТУРА

1. Джумакова У. Р. Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов. Проблемы истории, смысла и ценности. –Астана, 2003
2. Аманов Б. Композиционная терминология домбровых кюев. – Казахская традиционная музыка и XX век. –Алматы, 2002

ЖОЛАМАНОВА Г.Ж. ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНДА СИМФОНИЯЛЫҚ КҮЙ ЖАНРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (Е.РАХМАДИЕВТІҢ ОРКЕСТРЛІК ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ).

Мақалада автор қазақтың дәстүрлі күй жанрының Қазақстанның симфониялық музыкасын трансформациялаудағы принциптерін қарастырады. Е.Рахмадиевтың оркестрге арналған шығармалары негізінде симфониялық күй жанрының қалыптасу ерекшелігі қарастырылады.

Кілт сөздер: *домбыра күйі, ұлттық дәстүрлер, симфониялық күй.*

JOLAMANOVA G. TO THE PROBLEM OF FORMATION OF GENRE OF SYMPHONIC KUI IN KAZAKH MUSIC(ON THE EXAMPLE OF ORCHESTRAL PIECE OF E. RAKHMADIEV).

To the problem of the formation of the genre of symphonic kui in Kazakh music. The article considers dombra kuy and its peculiarities of implementing the principles of genre in symphonic works of Kazakh composers

Keywords:nationaltradition, dombrakuy, symphonicmusic.

ӘОЖ 37.013:81(574)

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ – ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ

ҚҰРАЛОВ А.К., МҰСАҚҰЛОВ Қ.Т., РЫСҚҰЛОВ А.Қ.

Мақалада оқушыларға оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық тәрбие берудің ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ этнопедагогиканы оқытудың мақсаттары мен аталған үдерістегі ұстаздың үлгі-өнегелік рөлі көрсетілген.

Кілт сөздер: ұлттық тәрбие, мәдениет, салт-дәстүр, ұстаз, этнопедагогика.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы қаңтар айындағы Қазақстан халқына Жолдауында [1] ел келешегі жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беру мәселесіне де баса назар аударылғаны белгілі. Шын мәнісінде де, туған тілмен бірге, туған халқының ғұрпын, салт-санасын жетік білудің мәні үлкен. Әрине, бұл орайда ұлттық тәрбиенің – халық даналығының берері сарқылмас мол әрі бұл – бүгінгі таңда өзекті мәселе. Сондықтан этнопедагогиканы зерделеп, зерттеп, орынды пайдалану арқылы ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, тұрмыс тәжірибесінен өткен салт-дәстүрлерді педагогикалық әдістер ретінде қолдануды арттыра түсу керектігін уақыт талабы көрсетіп келеді. Сол себепті қай қоғамда болсын, ұрпақ тәрбиесінің алатын орны ерекше, білім негізі мектепте қаланады. Өйткені, бүгінгі таңда халқымыздың арғы-бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларымызды қастерлеп, кешегіміз бен бүгінгі күніміздің нәрлі қайнарына айналдыру – өмір қажеттілігінен туындап отырған әрқайсымыздың азаматтық парызымыз.

Бүгінгі ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, халықтың педагогикалық нәрлі қайнарымен сусындату, оқыту мен тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Ал жастарға халық педагогикасының қыры мен сырын, ғылыми негіздері мен тәлімдік мәнін ғылыми-педагогикалық тұрғыда игерудің

теориясы мен әдіс-тәсілдерін меңгерту мәселесімен этнопедагогика ғылымы айналысады.

Ұлттық салт-сананың қалыптасуының екі негізі бар: игі әдеттер көп қолданыстан әдет-ғұрыпқа, яғни өмір қолданысына заңды түрде енеді де, оның орындалмауы – заңсыздық, өмірге кереғар болып көрінеді. Ондай заңдылықты бұзу кінә, айып, қылмыс ретінде танылады. Сөйтіп, дәстүр салтқа (заңға, заңдылыққа) айналады. Оны салт-дәстүр дейміз. Салт-дәстүрлердің ұлттық санаға айналған биігі салт-сана деп аталады. Дәстүр, салт-дәстүр, салт-сана ұлттық болмыстың мәдени сәулеті болады. Яғни ұлттың салт-санасы сол ұлттың мәдениетінің биіктік деңгейін көрсетеді.

Адамгершілік ар, ұлттық намыс, перзенттік парыз – қазақ халқының тәлім-тәрбиелік кредосы («Жаным – арымның садағасы», «Басқа елге сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Отан үшін отқа түс - күймейсің»).

Қазақ халқы өзінің шешендік, ақындық, жыршылдық, әзілкештік қасиеттерін тәлім-тәрбие ісімен арқауластырып отырады. Шешендік сөздер – ой маржандары, тәрбиенің ақ алмасы. Әрбір шешендік сөз тыңдаушыны тәрбиелейді, оған ана тілінің ақықтарын асылдандыра үйретеді. Ал ақындық (көбінесе жатқа айтушылық) өнері тәрбиеленушінің ойын, тілін дамытумен бірге, оның қазақи қасиеттерін қалыптастырады. Соның бәрі ана тілінің (яғни қазақ тілінің) асыл қасиеті мен байлығына байланысты. М.Жұмабаевтың сөзімен айтсақ, «Қазақ тілінде қазақтың сары даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күні түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ» [2]. Сол тіл – ұрпаққа шешендікті де, тіл өнерінің барлық жанрларын үйіре үйрете алатын асыл құрал.

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан этнопедагогика ғылымының негізі – халық педагогикасы екендігін осыдан көреміз.

Этнопедагогика – ғасырлар бойы қалыптасып, одан әрі қарай дамып, келешекте кемелдене беретін ғылым. Оның философиялық, дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, тәрбиелік мәнін жан-жақты терең зерттеп, ғылыми жүйесін салалап, сараптап пайдалану ісі аса жауапкершілік пен қажырлы ғылыми еңбектерге байланысты. Мектептерде арнайы сабақтар, жоғары оқу орындарында арнайы курстар ұйымдастыру қажеттіліктері туындауда. Өйткені барлық оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу жұмыстарын этнопедагогикамен байланыстырып жүргізу тиімді әрі нәтижелі болмақ. Барлық жерде оқу-тәрбие ісін ұлттандыру мақсаттарын жүзеге асыру үшін, этнопедагогика пәні негізгі тірек, қозғаушы күш бола алады.

Оқушыларға ұлттық тәрбие беруде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің алатын орны ерекше. Өйткені дәстүрлі мәдениетте халықтың ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан. Алайда халқымыздың осы асыл мұрасын мектептің оқу-тәрбие жұмысында пайдалану талапқа сай емес. Оқушыларға арналған анықтамалық әдебиеттер мен оқу құралдары жетіспейді. Сайып келгенде, қазақ дәстүрлі мәдениеті материалдары жүйелі түрде оқытылмайды. Осыған байланысты Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ дәстүрлі мәдениетіне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде[3,4].

Дәстүрлі мәдениеттің даму кезеңдерінің қай дәуірін алсақ та, ол халықтың ұлттық (халықтық) педагогикасымен сабақтасып жатқанын көреміз. Дәстүрлі мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Ал, тәрбие дүниетаныммен, өмір заңдылықтарымен (философиямен) тығыз байланысты.

Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері (халық педагогикасы) ең әуелі дүниетануды, содан кейін тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді.

Қазақтың халық педагогикасының үлкен бір саласы ауыз әдебиеті (жалпы әдебиет) – ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, әсемдікті сезуге, тіл мәдениетіне құштарландыра тәрбиелейтін құдіретті құрал. Оның тәрбиелік кеңістігі мен қуаттылығы тарихи кезеңдер мен уақыттарға байланысты өлшенеді.

Дәстүрлі мәдениеттің өмірдегі көрінісі – ұлттық тәрбиенің жемісі. Әдебиет тәрбиенің (мәдениеттілікке тәрбиелеудің) басты құралы болып табылады. Кез келген әдеби шығарманың эстетикалық (көркемдік) мәні тәрбиеленушінің этикасы мен этникасын (әдебін) қалыптастыруға себін тигізеді, әсер беріп, адамдығын қалыптастырады.

«Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» деп, халық кісілік – мәдениеттілікті көрсететінін, кісілікті нағыз кісіден үйрену керек екендігін мақамдап-мақалдап айтады. Мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер – ұлттық мәдениеттің пешенелі белгілері. «Мың шыж-быждан бір сіз-біз артық» деп халық сыйласым – ұлттық мәдениеттің негізгі тірегі екендігін уағыздайды.

Ұлттық салт-сана сол ұлттың мәдени дәрежесін, рухани сапасын көрсетеді. Этнопедагогиканың негізгі бір саласы – ұлттық салт-дәстүрлер болса, сол ұлттың салт-санасының қалыптасу заңдылықтары бар, яғни мәдени өзегі мен өркендеу өрнектері айқын көрінеді. Ұлттық салт-сананың қалыптасуының бастауы сол ұлттың құрамындағы жеке тұлғалардың игі әдеттерінен басталады. Игі әдеттер жеке тұлғаларға әсерін тигізіп, ол

көпшіліктің қолданысына айналады да, ол ұлттың мәдени ірге негізі болып қаланады.

Әрбір ұлттың мәдени ірге негізі – әдеп (этика, этника) ұлттық заңды қолданысқа айналса, оны дәстүр дейміз. Дәстүр өмірге біржола кіріккенде ол салт болады. Сөйтіп, мәдени іс-әрекеттің ұлттық қасиетке айналуы салт-сана деп аталады. Бұл құбылысты этнопедагогикада мәдени сәулет дейміз.

Ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер арқылы кісілік, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, салауаттылық, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық сияқты мәдени көріністерін табады.

Дәстүрлі мәдениеттің дәстүрдегі бастау көрінісі – сәлемдесу. Сәлем – әдептіліктің, яғни мәдениеттіліктің белгісі. Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем ету сияқты түрлері өзінің жөн-жоралғылық (мәдени) ерекшеліктерімен сараланады. Қазақ келіні сәлем ету кезінде инабаттылық көрсетіп, үлкенге шынайы күлімдеп, жылы шырай көрсетсе, оның мәдениеттілігінің өз дәрежесі белгілі болады.

Ұлттық мәдениеттіліктің белгілері, әсіресе, отбасындағы сыйласымнан көрінеді. «Әке – отбасының пірі», «ана – әулеттің күні» деп халық отбасындағы сыйласым мәдениетін ең әуелі ата-ананы сыйлаудан бастауды үйретеді, талап етеді. Отбасындағы сыйласымдық дәстүр бойынша ата, әке, аға, іні, әже, ана, әпке, сіңілі ұғымдарына сәйкес әрбір адамның өзінің сыйласымдық міндеттері мен борыштары және перзенттік парызы болады.

Халық отбасынан кейінгі сыйласым мәдениетін ұлағатты ұстазға инабатты шәкірт бола білу деп түйеді. Өйткені ұстаз өнеге көрсетеді, мәдениеттілікті үйретеді. Сондықтан шәкірт ұстаздан мәдениеттілікті үйренумен қатар, ұстазбен мәдениетті түрде қарым-қатынас жасай білуге міндетті. Оның үстіне ұстаз «сегіз қырлы, бір сырлы» өзінің мәдениеттілік қасиеттерін шәкіртінің бойына сіңіріп, жүрегіне нұр жандырады. Ұстазын сыйлай білген шәкірт, өзінің ата-анасын, халқын да сыйлай білетін мәдениетті азамат болып өседі.

Ұлттық дәстүр бойынша, әдеппен сөйлеу, иманжүзділік талап етіледі. Үлкеннің атына сыйласым мен ізеттілік белгісі ретінде «еке» деген сыйласымдық жұрнақ қосылып (Әдеке, Беке, Ардеке т.б.) айтылса және «апашым», «апатайым», «ағатайым» деп атаса, кішілерге және балаларға сөз айтқанда «жаным», «күнім», «айым», «ботам», «құлыным» деген инабатты сөздер қосылып айтылып, дәстүрлік мәдени үрдістер қолданылады.

Қазақтың ұлттық: имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық рәсімдері ұлттық мәдениеттің айқын белгілері болып табылады. Мысалы, кісі күту дәстүрі

бойынша қонақ қабылдау, қонақасы беру, қонақ кәде жасау ұлттық мәдени рәсімдер арқылы орындалады.

«Халқыңды сүйсең, салтыңды сүй» деп халық ұлттық тәрбиеде қасиетті туған жерді қастерлеу, халықты қастерлеу, текті, ұлтты, жалпы адамзатты сүюді парыз деп санайды. Халық педагогикасының мәдени, рухани кредосы – әдептілік.

Аталы сөз – бата, өнеге, тілек – ұлттық мәдениеттің мәнді белгілері. Ұлағатты ұстаздар мен шешендер, хандар, билер, атақты аталар мен дарынды даналар өздерінің өсиеттерін айтып, өнегелерін көрсетіп, ана тілінің айшықты сөздерімен тілек, бата беріп, ұрпақты мәдениеттілікке тәрбиелеуді мақсұт тұтқан.

Халықтың ұрпақты әдептілікке (мәдениетке) тәрбие дейтін ұлағатты ұғымдары мен ырым, тыйым сөздерінің мәдени-тәрбиелік мәні зор. Салауаттылық, сауап, үнемдеу мәнін халық жас ұрпаққа жастайынан түсіндіріп, салауаттылыққа, үнемшілдікке, ұқыптылыққа, яғни мәдениеттілік негіздерін білуге тәрбиелейтін.

Халық ұрпағынан ағайын, жекжат-жұратты сыйлау дәстүрлері арқылы аталас, ауылдас, құда, нағашы, күйеу, жезде, жиен, дос, жолдас, таныс, ұжымдас адамдармен сыйласу мәдениетін талап етеді. «Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын», «Құданды құдайдай сыйла», «Шын дос болу – бақыт» деп, адам сыйлаудың ғажап үлгілерін ұрпағына үнемі үйретіп отырған.

Ер намысы, қыз абыройы – қазақ халқының ұлттық тәрбиедегі мәдени мұралық белгілерін білдіретін тәрбиелік тіректері. «Жақсы жігіт он бесінде баспын дейді, жаман жігіт отыз бесінде жаспын дейді» деп, халық жеке тұлғаның мәдениеттілігі жастайынан-ақ белгілі болатынын дәлелдейді. Халық қыздың абыройлы болуына көбінесе ана жауапты деп қарап, қызды әдепті (мәдениетті) етіп тәрбиелеу ұлттық міндет екенін баса көрсетеді.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу – міндет. Білімді болғанмен, ұлттық мәдениетті игермеген болса, ондай тұлға ұлт алдында «мәңгүрт», мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Мектептегі, жоғары оқу орындарындағы ұжымдық, әдептілік дәстүрлері де этнопедагогиканың мәдениеттаныммен сабақтастығын көрсетеді. Яғни, этнопедагогика пәні – ұлттық мәдениеттің бейнесін көрсететін және сол ұлттық мәдениеттің мәнін түсіндіріп, іс-әрекетте қолданыстарын үйрететін пән.

Әлемнің Екінші ұстазы аталған ғұлама Әл-Фараби (870-950 жж.) ұлттық мәдениет жеке адамның мінез-құлқынан басталатынын дәлелдеп, мінез әдеттен бастау алып, «абзал әрекет» инабатты (мәдениетті) мінез-құлықты қалыптастыратынын айтады. Білімді адам тәрбиелі (мәдениетті) болу керек дейді. «Тәрбиесіз (мәдениетсіз) білім адамзаттың қас жауына айналады» дейді. «Қайырымды қала» мәдениетін арттыратын негізгі мәселелер – білім, өнер, әдебиет (поэзия), музыка деп көрсетеді [5].

Қазақ халқының ұлы педагогы Ыбырай Алтынсарин ұлттық мәдениетті дамытудың негізгі құралы – оқу, мектеп ашу (елге білім беру) деп, ауылдық, болыстық мектептер ашып, қыздар училищелерін, мұғалімдер семинарияларын ұйымдастырды. «Өнер-білім бар жұрттан» үлгі алуға шақырды.

Абай дана «ғылым таппай, баптанба, өнер таппай мақтанба» деп, ұлттық мәдениетті дамытудың түп негізі – білімде, өнерде деп көрсетті [6]. Ол үшін «өткірдің жүзі, кестенің бізі» сала алмаған өрнекті сөзбен өрнектейтін ана тілін қадірлеу қажет екенін айтып, бес нәрседен (өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақ) қашық болуды, бес нәрсеге (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) асық болуды уағыздайды. Яғни талап, қанағат, рақым сияқты мәдениеттілік белгілерін жоғары бағалап, жеке тұлғаға жеткізе ұсынады.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов «үш жүз жыл бойы бір де бір ғалымның қазақ жұртында болмауы» – өнерпаз, қабілетті халықтың мәдениетіне жасалған қиянат деп көрсетіп, халықтың мәдениетін өркендету үшін мектептер ашып, ұрпаққа ғылым үйретіп, білім беру қажет екендігін дәлелдеді [7].

Ұлттық мәдениеттің болмысы этнопедагогика ғылымында айқын көрінеді. Этнопедагогика пәнін оқытудың негізгі бір мақсаты – ұлттық мәдени мұралардың болмысын айқындап көрсетумен қатар, сол ұлттық мәдениетті дамытудың қозғаушы күштерін дәлелдеп, оның тәрбиелік қолданылмалы тәсілдерін бағдарлап көрсете білу болып табылады.

Сонымен, халық байлығын біздің қазақ зиялыларынан бастап жастарға дейін зерделеп, ең жақсы деген қасиеттерін байытып, толықтырып, дамытумен ұл-қыздарымыздың бойына сіңіріп келген. Біздің ендігі мұратымыз – соларды жалғастыра білу, оқу-тәрбие жұмыстарында тиімді пайдалана білу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан.– 18 қаңтар 2014
2. Жұмабаев М. Педагогика. – А., 1992.

3. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 367 б.
- 4.Құралов. А. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 125 б.
- 5.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 318 б.
- 6.Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995.
- 7.Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985.

КУРАЛОВ А., МУСАКУЛОВ К.Т., РЫСКУЛОВ А.К. ТРАДИЦИОННАЯ КУЛЬТУРА – ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ

В статье рассматриваются особенности этнического воспитания в учебно-воспитательном процессе школьников. Также приведены цели обучения этнопедагогике, и роль учителя в данном процессе.

Ключевые слова: *национальное воспитание, культура, традиции, учитель, этнопедагогика.*

KURALOV A., MUSAKULOV K.T., RISKULOV A.K. TRADITIONAL CULTURE is BASIS of NATIONAL EDUCATION.

In the article examined to the feature of ethnic education in the educator process of schoolchildren. Aims over of educating of folk pedagogics, and role of teacher, are also brought in this process.

Keywords: *national education, culture, traditions, teacher, ethnic education.*

ӘОЖ 37.017.1

**БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ
БАКАЛАВРЫН КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ МАЗМҰНЫ**

ТҰРЫСҚҰЛОВ Ө.Ж., НАХАНОВ Қ.С.

Мақалада болашақ дене тәрбиесі мен спорт мамандарын кәсіби дайындау мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ елімізде дене шынықтыру саласына қажетті білікті мамандар дайындау барысында шешілуі тиіс міндеттер көрсетілді.

Кілт сөздер: *дене шынықтыру, дене тәрбиесі, спортпен шұғылдану, жоғары білімді маман.*

Қазіргі уақыттағы жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік

ойлауы басым, информатика ілімімен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру.

Жоғары кәсіби білім берудің алдында тұрған неғұрлым маңызды, мәнді міндеттерге келсек, мыналарды бөле-жара атаған жөн:

1. білім жүйесін жетілдіру;
2. оны үздіксіз әрі көпсатылы құрылым ретінде енгізу;
3. халықаралық біліми кеңістікке кірігу.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді реформалаудың басты бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімінің бағдарын жетілдіру болды.

Қазіргі кездегі бұрынғы жоғары білім беру жүйелерін осы заманғы әлеуметтік, экономикалық даму тұрғысынан жетілдіру талап етіледі. Ең басты мәселе білімді жетілдіру, жаңа жүйеге көшу болып табылады.

Жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың кредиттік жүйесін, қашықтан оқыту формасын енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады.

Еліміздегі білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оны халықаралық стандарттар деңгейіне шығару қажет, бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Бүгінгі таңда жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі құрылым шеңберінде бакалавриат пен магистратураның дене мәдениеті мамандығы бойынша біліктілігі жоғары мамандар дайындықтың, барлық деңгейлері, формалары мен бағыттары заман талабына сай жасақталуда.

Маман даярлау мен қайта даярлаудағы жаңаша көзқарасқа, білім берудің қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен стандарттарына жаңаша талап қойып отыр.

Әлем елдерінде жоғары білімді реформалау қашан да өте баяу және қиындықпен өткен. Дүние жүзі аймақтарындағы жоғары білімнің жағдайы мен оның даму тенденциясын тарихи және салыстырмалы перспективада қарастырған жөн, өйткені жоғары білімнің заманауи жүйелерінде олар пайда болып, дамыған әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайлардың ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлердің таңбалары сақталған.

Жоғары оқу орнының әрбір түлегі практикада сұранысқа ие болғысы келсе, меншіктің түрлі формасындағы кәсіпорындарда жұмыс істей білуі, олардың ерекшеліктерін, құқықтық мәртебесін білуі, сонымен бірге еңбекті, қаржыны, өндірісті қазіргі заман талабына сай басқара білуі қажет. Сондықтан барлық мамандықтар үшін жоғары білім деңгейі (базалық (негізгі), арнаулы тереңдетілген) бойынша мамандар моделі қайта жасалуда,

себебі қазіргі күнгі жоғары оқу орнының түлегі зерттеуші (ғалым) – басқарушы (менеджер) – практик (технолог) болып табылатын үш бірыңғай талапқа сай болуы тиіс.

Жоғары оқу орнын дамытудың басты бағыттарының біріне оқу үдерісі технологиясын жетілдіру жатады. Бұл тұрғыда оқу процесін ұйымдастырудың проблемалық-модульдік технологиясын, студенттердің білім деңгейін тексерудің тестілік формасымен үйлестіре қолдану анағұрлым тиімді. Оқытудың бұл технологиясын енгізу студенттің өз бетінше танымдық іс-әрекетін арттыруға, оқу үдерісін интенсифтендіруге, студенттердің оқу-ізденіс жұмыстары үлгісіндегі сабақтар, іскерлік ойындары, компьютер және оқытудың техникалық құралдары пайдаланылған проблемалық дәрістер т.б.) барлық пәндерді тиісті дәрежедегі әдістемелік-техникалық жағынан қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [1].

Республикамызда жоғары кәсіби білімді реформалау ісіне, сонымен бірге жоғары оқу орнының барлық қызмет салаларында қазіргі күнгі инновациялық технологияларды, компьютерлерді пайдалану да игі әсерін тигізеді.

Жоғары оқу орындарында даярланып шығатын дене шынықтыру және спорт бакалавры бұл – мектепте дене шынықтыру пәнін оқытатын және спорт мектебінде спорт түрлері бойынша жаттықтырушы мамандар. Себебі, онда шынайы таза дене шынықтыру мамандарын кәсіби дайындайтын негіз және база жоқ. Ол үшін кең көлемдегі арнайы зертханалар, спорттық база мен құрал-жабдықтары және заман талабына сай ақпараттық технологиялар мен жабдықтары болуы керек. Бүгінде салауатты өмір салты, денсаулық және адамның дене белсенділігі, дене жаттығуларының гигиенасы жайлы көп айтылады, бірақ халыққа, студенттерге мектеп оқушыларына, балабақша балаларына оны қарапайым әрі жатық тілмен түсіндіретін қазақша оқулықтар да, әдебиеттер де жоқтың қасы. Елбасының «Қазақстан Республикасында көпшілікке ел байлығы жайлы білім берудің ұлттық стратегиясы», «Президенттік тест» және дене шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылданудың сөзсіз міндетті құқығы заң жүзінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген Қазақстан Республикасының Парламенті «Қазақстан Республикасында жалпы көпшілік спортты дамыту бойынша шұғыл шаралар туралы» қаулы қабылдап, онда дене шынықтыру мен спортты дамытудың маңызды мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін арттыру қажеттілігі атап көрсетіледі. Осы мемлекеттік құжаттарды толық жүзеге асыру бүгінгі күндегі кезек күттірмейтін өзекті мәселе болып отыр.

Қазақтың туризм және спорт академиясы кадрлар даярлауда жаңа бағытқа бет бұруына байланысты педагогикалық мекемелер үшін дене

шынықтыру мамандығы бойынша оқу жоспарлары мен жеке пәндер бағдарламалары қайта қаралып, мемлекеттік стандартқа сәйкестендіріліп жасалған. Бакалавриат пен магистратураға арналған негізгі пәндер мен оқу курстарының типтік бағдарламалары Республикалық Баспа комитетінен жеке жинақтар түрінде шығарылды.

Дене шынықтыру мамандары облыстық және қалалық оқу бөлімдерімен, мұғалімдер білімін жетілдіру институттарымен және Қазақтың Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтымен бірігіп мектептер үшін дене шынықтыру пәні бойынша көптеген еңбектер жасалған.

Дене тәрбиесі – бұл адамның дене дамуын қоғамның әлеуметтік талабына сәйкес басқару. Жалпы тәрбие мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарымен шұғылданып жүрген көрнекті авторлар осындай көзқарастарды мақұлдайды. Дене тәрбиесінің мазмұны адамға оның ағзасының жеке мүшелерінің жан-жақты қызметтік жетілуіне, қозғалыс дағдылары, біліктілігі мен арнайы білімінің қалыптасуына бағытталған дене жаттығуларымен әсер ететін педагогикалық үдеріс болып табылады. Басқаша айтқанда, бәрінен бұрын ол – адамның дене және рухани қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық үдеріс. Адамның денсаулық жағдайы, оның өмір сүру ұзақтығы балалық шағында қалыптасқан мінез-құлық, жүріс-тұрыс, өмір бейнесі үлгісінен анықталады. Бұл жерде әсіресе тұрғылықты жеріндегі әлеуметтік және экологиялық орта есепке алынып ұйымдастырылған үйлесімді дене тәрбиесінің рөлі маңызды. Адам дене тәрбиесі негізінің мазмұнын құрайтын салауатты өмір салты туралы ілімдік түсінік және оны ұйымдастырудың іс жүзіндегі (практикалық) дағдылары мектеп жасындағы жылдарда қаланады. Шет елдердің білім беру жүйесінде дене тәрбиесі мәселелеріне қажетті деңгейде назар аударылады, яғни осыған байланысты балалардың дене шынықтырудан білім алуын дамыту және жетілдіру бойынша мақсатты бағытта жұмыс жүргізіледі [2].

Заманның жаңа даму сатысында білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі тиіс. Осыған орай білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта қаралып, оқу жүйесін реттеу, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуы қажет етеді.

Оқу үдерісіне жаңа бағыт беріп, оның даму жолдарын жаңа ғасыр талабына сәйкес айқындау үшін білім берудің әр түрлі салаларына білім және ғылым, білім және адам құқығы, білімнің қоғам дамуларындағы әсері, білім беру барысындағы жаңа технологияға талдау жасалып, қорытындылау қажет.

Жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі мына міндеттерді шешеді: студенттердің денсаулығын нығайтады және олардың оқу

жылдары бойында жоғары жұмыс істеу қабілеттілігін сақтау; оқу, жаттығу сабақтары, еңбек, демалыс күндері тәртібінде дене мәдениеті және спорт құралдарын пайдалану біліктілігі мен дағдыларын меңгеру; студенттерді гигиеналық және өндірістік гимнастиканы ұйымдастырушы, қоғамдық нұсқаушы және спорт түрлері бойынша төреші ретіндегі өзіндік жұмыстарға дайындау; студенттердің жан-жақты дене дайындығын дамыту, оларды спорттық әдіс-тәсілдерге (техникаға) оқытып, үйрету және осының негізінде жоғары спорттық жетістіктерге жету.

Дене тәрбиесі оқу сабақтары (міндетті және факультативті), оқу күндері тәртібіндегі дене шынықтыру жаттығулары, оқудан тыс спорттық үйірме мен командалардың уақытындағы өзіндік жаттығу сабақтары, сол сияқты бұқаралық сауықтыру және спорттық шараларға қатысу түрлерінде жүзеге асырылады.

Бұдан адамның қоғамдағы жетекші рөлі, алатын орны, ізденіс пен зерттеу нәтижелерінде алған білімді қорытындылау арқылы қажетті жаңалықтарды өмірге лайықты түрде енгізу шаралары жаңа оқу жүйесін жасауда, яғни адамның инновациялық қасиеттері кең түрде ескеріліп, инновациялық білім беру саласында негізгі шарттардың бірі болуы қажет.

– білім берудің әдісі мен мазмұнын оқушының іскерлік, жігерлілік қабілетін және жаңашылдық қасиеттерін қалыптастыратын әдістемелік әдістерге бағыттау;

– пәндерді оқыту барысында адамның рухани байлығына, өнегелігіне, істеген ісіне, әлеуметтік жауапкершілікпен қарауына көңіл бөлу;

– субъектінің алған ғылыми білімін, оның әлеуметтік тұрмысын және іскерлік қабілетімен ұштастыра қарастыру.

Жоғары оқу орындарында білім беру жүйесінің негізгі міндеті басқару орталықтарына, жоғары және орта мектепке, қоғамдық-саяси орталықтар мен өнеркәсіптерге қабілетті де ойшыл, жаңашыл бәсекешіл, әлемдік интернет жүйесіне қосылып, дербес компьютермен жұмыс істей алатын, еліміздің жарқын болашағын ойлайтын қазіргі өмір талабына сай іріктелген таңдаулы мамандар дайындау болып табылады. Мұндай деңгейдегі жоғары оқу орындарын бітірген ой өрісі мен мәдениеті биік түлектер өздерін қызмет орындарымен қамтамасыз ете алады. Олар бір-бірімен ұштасып жатқан ғылым мен өндірістің барлық салаларына бағытталған жан-жақты терең білім алулары қажет. Осыдан келіп білімнің іргелілігі, жан-жақтылығы мен қоғамдық өзгешеліктерімен үйлесуіне ерекше талап қойылады [3,4].

Қазіргі кездері педагогика саласында білім беру барысында жалпы танылған екі сөзден тұратын «оқу-тәрбие» деген сөз тіркесіне ерекше көңіл бөлініп жүр. Осы сөз тіркесін жеке тұлғаға білім беруді «дамыту – оқыту –

тәрбиелеу» үдерісі деп атау керектігін айтады. Енді білім, даму, оқу және тәрбие ұғымдарына жеке-жеке тоқтала кетейік.

Білім беру – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат берудің жолдары. Білім алудың негізі – оқу. Білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулиды, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретеді.

Даму дегеніміз – саннан сапаға, ескі сападан түбірлі жаңа сапаға өту. Даму – дүниеде болып жатқан өзгерістердің сипаты мен бағытын білдіретін фәлсапалық ұғым. Даму идеясы бүкіл фәлсәфә, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар тарихының ең басты идеяларының бірі.

Оқу – табиғат дүниесіндегі өзгерістерді, қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, өнімді еңбекті, дамудың объективтік заңдылықтарын түсіндіру әдістері. Оқу баланың күнделікті сатылап үздіксіз жетілуіне сәйкес құрылады.

Тәрбие – қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған жеке адамды қалыптастырудың жүйелі үдерісі. Тәрбие отбасының, мектептің, мектептен тыс мекемелердің, балалар және жастар ұйымдарының, жұртшылықтың бірлескен іс-әрекеті үдерісінде жүзеге асады.

Сонымен, инновациялық білім берудің негізгі мақсаты – адамның шығармашылық мүмкіндігін сақтау және дамыту, өз іс-әрекетін қоғамдағы өзгерістерге сай бейімдеу, байланысты дамыту және дүниетанудағы субъектінің жан-жақты ұғым жүйесін қалыптастыру. Яғни, қоршаған ортаның заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан қорытындылау, өмірдің қажеттілігіне жарату, негізінен алғанда, білімнің мазмұны мен құрамына жаңашылдық көзқарасты талап етеді. Білім қоғамның мемлекеттің бүкіл салалары мен жеке тұлғаның жан-жақты дамуына тікелей әсер ететіні себепті Қазақстанның бүгінгі мен болашағы білім сапасына байланысты. Олай болса, республикада бүгінгі білім саясатының идеологиялық тұрғыдан оң бағыт алуы ел басшысының халқына Жолдауы мен стратегиялық даму бағыты талаптарының нәтижелі жүзеге асуына мүмкіндік туғызады. Идеологиялық бағыттың бағдар алуына себепкер болатын сол қоғамдық құрылыстағы объективті, субъективті қозғаушы күштер екені белгілі. Осы тұрғыдан қарастырғанда, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзекті жайдың бірі – оның ұлттық мәселелері.

Қорыта келгенде, республикамыздағы дене шынықтыру саласы бойынша жоғары білімді мамандар даярлауда, жоғары кәсіби білімін реформалауда қаржыландырудың көпсалалы жүйесін қалыптастыру, аймақтық оқу-ғылыми-өндірістік кешенін құру, дүниежүзілік білім беру жүйесіне ену, оқытудың дәстүрлі технологиясын жетілдіре отырып, заманауи

ақпаратты оқыту технологиясын енгізу және ғылыми жұмысты жүргізуге жағдай туғызу сияқты басты-басты мәселелерді шешуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ким В.А. Актуальные проблемы подготовки специалистов в ВУЗе //Сб. научно-практ. конфер. – Алматы, 1999. – С.55-59.

2 Пірәлиев С.Ж., Тілеуова С.С. ХХІ ғасырда кәсіби маман мұғалім даярлаудың қазіргі заманғы мәселелері //Труды международной научно-практической конференции «Современные проблемы подготовки педагогических кадров и перспективы развития естественных наук» – Шымкент: МКТУ им. Ясави, 2006. – 3-8 бб.

3 Сапарбаев М.Б. Теория и практика подготовки учителей физической культуры в системе непрерывного педагогического образования. Дисс ... д.п.н.: 13.00.01. – Алма-Ата: АГУ, 1993. – С. 249

4 Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. – М.: ФиС, 1991. –С. 170

TURYSKULOV U.ZH., NAKHANOV K.S. СОДЕРЖАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ БАКАЛАВРОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

В статье рассмотрены профессиональные проблемы подготовки будущих специалистов физической культуры и спорта. Также проведены задачи, которые следует решить в процессе подготовки квалифицированных кадров физической культуры, необходимых стране.

Ключевые слова: *физическая культура, физическое воспитание, занятие спортом, высококвалифицированный специалист.*

TURYSKULOV U.ZH., NAKHANOV K.S. THE CONTENT OF PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE BACHELORS OF PHYSICAL CULTURE AND SPORTS

In the article the professional problems of preparation of future specialists of physical culture and sports. Performed the tasks that should be solved in the process of preparation of qualified personnel for physical culture, the country needs.

Keywords: *physical culture, physical education, sports activities, a highly qualified*

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

УДК574+314.15

**ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ МИГРАЦИЯ: СУЩНОСТЬ, ПРОБЛЕМЫ И
ВОЗМОЖНЫЕ РЕШЕНИЯ**

ДЖАНЗАКОВА М., КАЛКАНОВА Ж.

В настоящей статье анализируется проблема экологической миграции населения, причины появления «экологических мигрантов», социальная и демографическая опасность данного вида переселения населения.

Ключевые слова: экологические мигранты, демография, миграция, социальный, переселение.

С момента обретения Республикой Казахстан суверенитета и независимости, вследствие распада Советского Союза и образования новых государств, кардинально изменилась и миграционная ситуация на территории постсоветского пространства. Казахстан и многие другие страны бывшего СССР столкнулись с интенсивными миграционными потоками в условиях, когда отсутствовала необходимая информационная база, была слабо развита социальная инфраструктура, не было нормального рынка труда. Приобретая в последние годы ярко выраженный этносоциальный и этнополитический характер, миграция вносит коррективы в жизнь местного населения, влияет на проводимую суверенными государствами политику, а главное, изменяет личностные характеристики тех, кто вынужден перемещаться на другие территории в поисках более стабильной обстановки и в надежде на лучшее будущее. Все это требует новых подходов к проблематике миграционных процессов.

Одна из причин миграций населения – экологическая. Вырождение окружающей среды вызывает серьезное ухудшение экологической обстановки. Обширные территории становятся практически непригодными для проживания, поэтому люди вынуждены уезжать из таких регионов. Миграции подобного типа называют экологическими, а переселенцев экологическими мигрантами.

Казахстан относится к числу государств, в которых существенное воздействие на этнический состав населения оказывают миграционные процессы. Республика, как и все новые независимые государства этого региона, поставлена перед необходимостью формирования этнической и миграционной политики, адекватной ее национальным интересам.

Массовая миграция с начала 1990-х гг. в условиях трансформации социально-экономической и политической систем поставила перед государством ряд актуальных задач. Одна из них осмысление особенностей экологической миграции, форм и способов ее разрешения.

Экологическая миграция, вызванная природными катаклизмами, стихийными бедствиями и их последствиями мало изучены, нет статистических данных и результатов социологических исследований. Землетрясения, наводнения, засуха, лесные пожары уносят жизни людей. А сколько покалеченных судеб людей – экологических беженцев, мигрантов подвергшихся угрозе жизни из-за стихийных бедствий. Известны трагедии Арала, Челябинска, наводнение в Якутии, Хабаровске, бедствия вызванные цунами в Японии, вулканические извержения, взрывы на шахтах, вызванные техногенными процессами.

Районами экологического бедствия стала зона Чернобыля, Аральского моря, бывшего Семипалатинского полигона в Казахстане. В результате испытаний ядерного оружия на полигоне под Семипалатинском пострадали некоторые регионы Казахстана и России – свыше 220 населённых пунктов. Радиационному загрязнению подверглась значительная часть территории Белоруссии, Украины и России влествии аварии на Чернобыльской АЭС. Почти 300 тыс. человек были эвакуированы на Украине и в Белоруссии; покинули свои дома жители 28 населённых пунктов России.

Какую тревогу сегодня вызывают затопления территории Великобритании, Голландии, изменение климата стран Восточной Европы? Это далеко не полный перечень происходящего за последнее время в мире.

